



ЗКУ им. М.Утемисова укрепляет международное сотрудничество: визит делегации из России

В рамках XXI форума межрегионального сотрудничества Казахстана и России Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова принял делегацию Саратовского государственного университета генетики, биотехнологии и инженерии имени Н. И. Вавилова.

В ходе встречи были подписаны:

- договор о сотрудничестве в области науки и образования;

- соглашение о совместном научном исследовании «Биологическое и ландшафтное разнообразие геосистем Западно-Казахстанско-Саратовского трансграничного региона».

Гости ознакомились с лабораторной базой ЗКУ, достижениями учёных университета, а также посетили учебную телестудию и музей. Эта встреча стала важным шагом в укреплении двусторонних отношений, расширении академического взаимодействия и развитии совместных научных инициатив между Казахстаном и Россией.



АҚПАРАТТЫҚ СЕМИНАР

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінде «Академиялық мобильділік – оқытушы мен студенттің кәсіби өсуінің кепілі» атты ақпараттық семинар өтті. Ақпараттық семинарға шақырылған қонақтар, жұмыс берушілер, оқытушылар, білім алушылар және Венгриядан келген шетелдік ғалым PhD докторы Эдвард Мижей қатысты. Іс-шараның мақсаты – оқытушылар мен студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік беретін академиялық мобильділік бағдарламалары туралы ақпарат беру және халықаралық тәжірибе алмасуды дамыту болды.



Семинарды жаратылыстану-география факультетінің деканы Турғумбаев Ахан Аскарович ашып, университеттің халықаралық серіктестік бағытындағы жетістіктеріне тоқталды. Ол академиялық мобильділіктің жаһандық білім беру кеңістігінде университет беделін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

Іс-шара модераторы Қожағалиева Рима Жамбылқызы болды. Ал PhD докторы, биология, география және химия мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламаларының жетекшісі. Семинар барысында университет оқытушылары мен студенттері өздерінің тәжірибелерімен бөлісті:

Зубков Владислав Сергеевич – халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімінің жетекшісі: «Оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы»;

Утаубаева Алма Уахитовна – биология ғылымдарының кандидаты, доцент: «Оңтүстік Калифорния университетіндегі жоғары білім берудегі менеджмент»;

Кунашева Зарипа Хайроллиевна – химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор: «Академиялық ұтқырлық: кәсіби даму мен жеке өсу жолы»;

Меңдіқұлова Әсел Бекболатқызы, 4-курс студенті: «Арманнан әрекетке: менің академиялық ұтқырлықтағы жолым»;

Құрметов Данияр Бауржанұлы, 3-курс студенті: «Шетелдік студент ретінде мәдени бейімделу тәжірибем»;

Есенбекова Дариға Еркінбековна, 3-курс студенті: «Оралдан Мәскеуге дейін: жаңа білімге жол».

Академиялық мобильділік – бұл тек шетелде оқу мүмкіндігі емес, бұл жаңа мәдениетті тану, кәсіби және тұлғалық дамудың бірегей жолы. Мұндай тәжірибе студенттер мен оқытушылардың дүниетанымын кеңейтіп, олардың жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар академиялық мобильділік халықаралық серіктестікті нығайтуға, ғылыми ынтымақтастықты дамытуға және заманауи білім беру кеңістігіне интеграциялануға ықпал етеді. Бұл – жаңа идеялар мен тәжірибелердің алмасу алаңы, кәсіби әлеуетті жүзеге асырудың тиімді құралы.

Ақпараттық семинар қорытындысы бойынша резолюция қабылданып, семинарға қатысушылар ұсыныстарымен толықтырылды.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде әлемдік деңгейдегі Coursera онлайн-білім беру платформасында оқыту жүргізілуде.

Цифрлық даму жолындағы БҚУ: Coursera платформасында оқыту басталды

Бұл жоба университеттің цифрлық трансформация бағытындағы маңызды қадамы әрі оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби дамуына тың мүмкіндік болып отыр. Қазіргі таңда профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналына Stanford, Yale, Google, IBM секілді жетекші университеттер мен халықаралық компаниялар әзірлеген 12 000-нан астам онлайн-курсқа тегін қолжетімділік берілді. Курстар заманауи бағыттарды қамтиды-цифрлық технологиялар, деректер талдауы, менеджмент, педагогикалық инновациялар және тағы басқа салалар. Жобаның басты мақсаты – оқытушылардың цифрлық және кәсіби құзыреттерін дамыту, білім беру сапасын арттыру және инновациялық әдістерді оқу процесіне енгізу. Coursera платформасындағы оқыту 2026 жылғы 30 қазанға дейін жалғасады. Курсты сәтті аяқтаған қатысушылар өз білімдері мен дағдыларын растайтын халықаралық сертификаттарға ие болады.

«ТҮРКИЯ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ АТ ӘБЗЕЛДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ»

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ҚР тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің қатысуымен Түркия Республикасының Қыршехир қаласындағы Ахи Эвран университетінің «Түрік тілі» кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент Осман Қабадайының қатысуымен «Түркия деректеріндегі қазақтың ат әбзелдерінің зерттелуі» тақырыбында шеберлік сағаты өткізілді.



Шеберлік сағаты барысында Осман Қабадайы түрік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, түркі халықтарының ортақ мәдени кеңістігіндегі жылқының орны мен маңызына жан-жақты тоқталды. Сондай-ақ, ол қазақтың ат әбзелдеріне қатысты атаулардың түркі тілдеріндегі ұқсастығы мен тарихи сабақтастығын ғылыми тұрғыдан талдап, түрік деректерінде сақталған мәліметтердің қазақ мәдениетін зерттеуде маңызды дереккөз болатынын атап өтті. Іс-шара барысында қатысушылар құнды ғылыми ақпарат алып, қазақ және түркі мәдени байланыстарының ортақ қырларымен тереңірек танысты. Осман Қабадайы іс-шараның жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

«Закон и порядок»

В ЗКУ им.М.Утемисова состоялась встреча в рамках проекта «Закон и порядок». В мероприятии приняли участие специалисты прокуратуры ЗКО. Цель встречи — привлечь молодежь к соблюдению закона, развитию правовой культуры и укреплению порядка в обществе.



Эксперты обсудили с участниками важность правовой грамотности, соблюдение законов в повседневной жизни, гражданскую ответственность, а также современные угрозы, такие как дроппинг, мошенничество и наркопреступления. Студенты активно участвовали в обсуждении, задавали вопросы и делились своими мнениями. Специалисты приводили конкретные примеры, показывая, насколько важно соблюдать закон в жизни и как защитить себя от опасных ситуаций.

Арман Қуанышбаев студенттермен кездесті



Махамбет университетінде исламтанушы, теолог, РАНТ мүшесі Арман Қуанышбаевпен мазмұнды әрі тәрбиелік мәні жоғары кездесу өтті. Іс-шара барысында «Заң және тәртіп» қағидатының қоғам өміріндегі орны, азаматтың жеке жауапкершілігі, құқықтық мәдениет пен тәртіпті сақтаудың ел тұрақтылығына әсері кеңінен талқыланды.

Арман Баймаханұлы тәртіп пен талап сапалы білімнің негізгі кепілі екенін атап өтті. Сонымен қатар рухани тәрбиенің маңызы, теріс діни ағымдардан сақтану жолдары, ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздік және жастардың саналы көзқарасын қалыптастыру мәселелері көтерілді. Студенттер мен оқытушылар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, маңызды дүниелерге бағыт-бағдар алды. Жалпы мұндай жиындардың басты мақсаты «Заң мен тәртіп» атты ашық диалог алаңында жастарды толық ақпараттандырып, толғандырған сұрақтарға жауап беру. Кездесу жастардың құқықтық және рухани мәдениетін нығайтуға, ел тыныштығы мен қоғам тұрақтылығын сақтауға үлес қосатын саналы ұрпақ қалыптастыруға бағытталды. «Заң және тәртіп» идеологиясын іске асыруға бағытталған іс-шаралар әлі де жалғасын табады.

ҚР тарихы кафедрасының оқытушы, магистрі А.С.Ғұбайдың ұйымдастыруымен білім алушыларға арналған «Теңгенің тарихы мен бүгіні» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Теңгенің тарихы мен бүгіні»

Білім алушылар теңгенің шығу тарихы, экономикалық маңызы, қазіргі даму үрдістері және цифрлық қаржы жүйесіне көшу ерекшеліктері жөнінде терең әрі мазмұнды талқылау жүргізді. Дөңгелек үстелге Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің, Экономика сервис бөлімінің оқытушысы, экономика ғылымының магистрі Айғали

Айсана Мерекеқызы қатысты. Студенттер белсенді түрде пікір білдіріп, теңгенің тұрақтылығы, инфляция, қаржылық сауаттылық, цифрлық теңге сияқты маңызды мәселелер жөнінде сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды. Бұл — жас буынның ел экономикасына, ұлттық қаржы жүйесіне деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетті.

В актовом зале главного кампуса университета Махамбета прошёл первый независимый формат конференции TEDx Makhambet, организованный Центром коммерциализации ЗКУ. Мероприятие прошло под темой «Теория личности», объединив учёных, предпринимателей, студентов и представителей творческой молодёжи. TEDx Makhambet стал новой площадкой для обмена идеями, вдохновения и обсуждения современных тенденций развития личности в эпоху быстрых перемен.

TEDx в Makhambet University

TEDx — это независимый формат международной конференции TED, где участники делятся идеями, способными изменить мышление и вдохновить других. Проведение такого формата в ЗКУ им. М.Утемисов стало знаковым шагом для университета, подчеркивающим его стремление к развитию инновационной и креативной академической среды. Среди спикеров:

- Кайрат Каримов - руководитель международного сада-питомника им. С. Исаева;
- Асхат Рамазанов - предприниматель, инвестор, марафонец, защитник природы и инициатор перемен;
- Женис Насимуллин — директор Учёного центра им. Ы. Алтынсарина, предприниматель, путешественник, блогер;
- Асель Касымова — руководитель Batys hub при Astana hub, стартапер и IT-специалист;
- Даупаев Алишер, Курманғали Дияс, Акбулатов Дулат — талантливые студенты, чьи идеи вдохновляют сверстников.

Проведение TEDx Makhambet стало отражением миссии университета — формировать поколение мыслящих, инициативных и ответственных граждан.

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жастар арасында рухани және адамгершілік құндылықтарды нығайтуға арналған кездесу өтті. Іс-шараның басты мақсаты – студенттерде диалог мәдениетін, азаматтық жауапкершілікті, құқықтық сананы және сыни ойлау қабілетін қалыптастыру, сондай-ақ теріс идеологиялық ықпалдарға қарсы тұрақтылықты дамыту болды.



Кездесуге Дін істері басқармасының өкілдері, сондай-ақ психология және рухани даму саласының мамандары қатысты. Спикерлер теріс ағымдардың белгілері мен олардың қаупі туралы айтып, ақпараттық сауаттылықтың және шынайы дереккөздерді манипуляциялық ақпараттан ажырата білудің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ спикерлер жастарға сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ақпарат көздерін мұқият сараптау және интернеттегі арандатушылық пен манипуляцияларға ермеудің маңызын түсіндірді.

В этом году мы отмечаем знаменательную дату – 180-летие со дня рождения Абая Кунанбаева, выдающегося казахского поэта, философа, просветителя и общественного деятеля, оставившего неизгладимый след в культурной и духовной жизни народа. Его судьба и творчество оказали глубокое влияние на формирование казахской национальной идентичности, развитие литературы и философии. В годы своей жизни Абай пытался объединить казахский народ вокруг идеи просвещения, духовного и морального совершенствования. Творчество Абая – это уникальный синтез классической казахской поэзии, русской и европейской философии, религиозных учений и народных традиций. Его поэзия проникнута глубокими размышлениями о добре и зле, смысле жизни, образовании и ответственности каждого человека за своё будущее. Абай активно пропагандировал идею необходимости просвещения, выступал за сохранение и развитие казахской культуры. Для современного общества его наследие остается как источник мудрости и нравственного ориентира. В своих произведениях Абай учил слушать сердце, ценить знания и уважать друг друга. Сегодня его слова актуальны как никогда, ведь они помогают сформировать нравственные ценности у молодого поколения.

Память об Абая Кунанбаеве – это наша общая ценность, прекрасный мост между прошлым и будущим. Его мудрость помогает нам осмысленно смотреть в будущее и стремиться к высшим целям, сохраняя богатство народных традиций и культурное наследие. Абай Кунанбаев – один из величайших поэтов, философов и мыслителей казахского народа, чье творчество и поныне остается важнейшим источником самобытности казахской культуры и самосознания. Его поэтические произведения, «Книга слов», представляют собой не только образец богатства казахского языка и поэтического мастерства, но и духовно-нравственный кодекс, отражающий истинные ценности казахского народа.

«Книга слов» – это собрание произведений Абай, в которых он обращается к вопросам нравственности, знания, духовности и самосознанию народа. Этот литературный и философский труд появился в эпоху глубоких социальных перемен, когда наш народ сталкивался с вызовами колониализма,

внутренней разрозненностью и размыванием традиционных ценностей. Для казахского народа «Книга слов» стала не только духовным наставлением, но и актом осмысления своего места в мире, напоминанием о необходимости сохранения языка, культуры и нравственных ценностей. Это произведение способствовало формированию национальной идентичности и укреплению самосознания.

Это произведение Абая обретает особое звучание и актуальность в наши дни, когда Казахстан активно включился в процесс глобализации. Мы вновь пытаемся понять все богатство и уникальность духовной культуры, оставленной нам в наследие нашими предками, проанализированное в небольшом по объему, но глубоком по содержанию, произведении Абая. Эта работа отличается глубокими философскими идеями, нравственными поучениями,

автора, направленная на постижение не только бытия окружающего мира, но и на осмысление внутреннего мира человека. Она представляет диалог Абая с самим собой и с нами, его читателями. В ней органически соединились философские размышления и религиозный опыт, художественное слово и нравственное наставление, глубина знания и неисчерпаемость чувств, мудрость мыслителя и предвидение пророка. Советский философ Георгий Гачев писал, что размышления Абая созвучны по смыслу псалмам Давида, Книге Екклесиаста, Книге Притчей Соломона, ибо сочетают в себе исповедь и проповедь. В «Книге слов» воплотился духовный мир многих поколений казахов, выразив самосознание и миропонимание казахского народа, который в переломный момент истории стремится понять самого себя и свое место в ней. Она стала свидетельством влияния

«Книга слов» представляет собой яркое свидетельство высокого гуманизма Абая. Содержание идей великого мыслителя и способ их осмысления показывает, что казахская философия в лице Абая развивалась подобно европейской и русской философии. Его учение стало предтечей всей последующей казахской философии. В ней Абай Кунанбаев ярко и глубоко выражает самосознание казахского народа. И сегодня «Книга слов» остается важнейшим памятником казахской литературы и культуры, а идеи Абая – актуальными руководствами для формирования гражданской идентичности. Она вдохновляет молодых казахов гордиться своей историей, языком и традициями, проявлять гражданственность и духовную силу.

В нашем университете мы проводим памятные мероприятия, посвященные

Мудрость и наследие Абая: 180 лет со дня рождения

гуманистическими принципами, программой духовно-нравственного совершенствования человека, размышлениями о его познавательных способностях и ментальности. В ней казахский мыслитель и поэт рассмотрел духовно-нравственный облик и образ жизни своего народа, оказавшегося на перепутье времен. И потому эту работу с полным основанием можно назвать «критической совестью» эпохи.

Абай популяризировал идеи образования, самопознания и духовного развития. Его поэзия призывала казахов к осмыслению своей истории, культуре и роли в обществе. Он обращался к вопросам честности, ответственности, достоинства – фундаментальным аспектам, которые способствуют развитию самосознания.

«Книга слов» Абая – это не только литературное наследие, но и важный элемент национального самосознания. Она вдохновляет казахский народ продолжать путь к развитию, сохраняя богатое культурное наследие и духовные ценности.

«Книга слов» представляет неповторимый и уникальный мир самого

устного поэтического творчества казахского народа и классической литературы Востока, духовных ценностей русской культуры и философской мысли Запада. Вместе с тем, в ней ярко проявились самобытность и самостоятельность Абая как мыслителя и философа.

Испанский философ и писатель Унамуно сказал: «Вся испанская философия в «Дон Кихоте» Сервантеса» и то же самое можно сказать, что вся казахская философия выражена в «Книге слов» Абая. В ней казахская культура получила свое обоснование и продолжение. «Книга слов» Абая – это еще и обращение к нашему сознанию, нашей совести, это напоминание нам о том, как мы живем и как следует жить, чтобы в суете и заботах повседневности мы не забыли о главном, о духовности. В этом произведении Абай ярко выразил стремление казахского народа к совести, духовному очищению и осознанию своей уникальности. Его произведения – это своего рода «зеркало» национальной души, отражение внутреннего мира казахского народа, его мечтаний, тревог и надежд.

юбилею поэта: научные конференции, выставки, литературные чтения и круглые столы. Они направлены на то, чтобы сохранить и популяризировать наследие Абая, вдохновляя студентов на развитие духовных и интеллектуальных качеств.

Память Абая Кунанбаева – это наша общая ценность, прекрасный мост между прошлым и будущим. Его мудрость помогает нам осмысленно смотреть в будущее и стремиться к высшим целям, сохраняя богатство народных традиций и культурное наследие. Абай Кунанбаев – один из величайших поэтов, философов и мыслителей казахского народа, чье творчество и поныне остается важнейшим источником национальной идентичности и самосознания. Его поэтические произведения, «Книга слов», представляют собой не только образец богатства казахского языка и поэтического мастерства, но и духовно-нравственный кодекс, отражающий истинные ценности казахского народа.

К.М. НАУАНОВА,

кандидат философских наук, старший преподаватель ОП «Социальные науки»

В этом году исполняется 190 лет со дня рождения выдающегося казахского ученого, путешественника и просветителя Шокана Валиханова – человека, чье имя навсегда вошло в историю не только Казахстана, но и мировой науки. Его называют первым профессиональным ученым-энциклопедистом в истории казахского народа. Доктор философии Раушан Иманжусуп отменила, что именно Валиханов стал тем, кто заложил основы научного подхода в изучении истории, этнографии и фольклора Казахстана.

Многие знают великого просветителя под именем Шокан Валиханов, однако при рождении его называли Мухаммед-Канафия. Он происходил из знатного рода потомков Абылай-хана – выдающегося правителя казахских степей. Его отец, Чингис Валиханов, был старшим султаном Аманкарагайского округа и пользовался большим уважением среди современников. Большое влияние на становление будущего ученого оказала его бабушка Айнагыш – грамотная, мудрая и волевая женщина. Именно она с ранних лет пробудила в Шокане любовь к знаниям, уважение к традициям и интерес к истории своего народа.

С раннего детства Шокан отличался любознательностью и тягой к знаниям. Уже в семь лет он начал обучение в казахской школе, где не только овладел родным языком, но и изучил арабский, персидский и кыпшак-чагатайский языки. В 12 лет он поступил в Сибирский кадетский корпус в Омске, где получил разностороннее образование. Здесь он

Шокан Валиханов что мы знаем о великом просветителе?!

быстро выучил русский язык, выделился среди учеников феноменальной памятью и аналитическим складом ума. Обучение дало ему глубокие знания по гуманитарным и естественным дисциплинам, а также знакомство с европейскими и восточными языками, что стало прочной основой его будущих научных исследований.

Расцвет научной и просветительской деятельности Шокана Валиханова пришёлся на конец 1850-х – начало 1860-х годов XIX века. В этот период он совершил ряд экспедиций, принесших ему признание и уважение научного сообщества. В 1855 году учёный участвовал в исследовательской поездке от Омска до Семипалатинска и подножья Заилийского Алатау, где собирал исторические сведения и записывал народные предания. Уже через год он принял участие в экспедиции на Иссык-Куль, где впервые сделал научную запись киргизского эпоса «Манас», назвав его «степной Илиадой».

Особое место в жизни Валиханова заняло путешествие в Кашгарию в 1858–1859 годах. Эта экспедиция принесла ему славу смелого исследователя и учёного международного уровня. В течение 10 месяцев

и 14 дней он изучал географию, историю, политику, культуру и быт Восточного Туркестана – области, почти неизвестной европейской науке. Вернувшись 12 апреля 1859 года в укрепление Верное (ныне Алматы), он привёз богатейшие материалы и наблюдения, ставшие основой его научных трудов.

Главным результатом поездки стал фундаментальный труд «О состоянии Алтышара или шести восточных городов Китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии)». Эта работа стала первым подробным научным исследованием истории, географии и общественного строя народов Восточного Туркестана. По глубине анализа и богатству фактических данных труд Валиханова стал выдающимся вкладом в отечественное востоковедение и не утратил научной ценности до наших дней.

Не менее значимыми являются и другие его работы: «Очерки Джунгарии» (1860), в которых он подробно описал историю, население и экономику Джунгарии; «Аблай» (1861) – биографический очерк о великом казахском хане, демонстрирующий глубокое знание национальной истории; «Вооружение киргиз в древние времена и

их военные доспехи» (1861), отражающее интерес Валиханова к военной культуре и материальной истории кочевых народов. Эти труды вместе с исследованиями о Восточном Туркестане показывают разносторонность его научных интересов и значимость для формирования казахской и мировой историко-этнографической науки.

Несмотря на активную научную деятельность и многочисленные экспедиции, здоровье Шокана было сильно подорвано, и, к сожалению, восстановить его ему не удалось. Его жизнь оборвалась в апреле 1865 года в ауле Тезека, в урочище Кошентоган, у подножья Алтын-Эмельского хребта.

Подводя итог, спустя почти два столетия мы знаем, что Шокан Валиханов был не просто ученым, а человеком, соединявшим культурные и исторические эпохи. Он получил блестящее образование, оставаясь глубоко связанным с корнями своего народа.

Сегодня его короткая, но яркая жизнь служит уроком: настоящая просветительская деятельность – это диалог между прошлым и настоящим, Востоком и Западом, устной традицией и академической наукой. Наследие Валиханова остаётся живым доказательством того, что любовь к родной земле и стремление к знаниям идут рука об руку. Спустя 190 лет он остаётся символом смелости, честности и непрекращающегося стремления к познанию.

Айдана МАХАН,

студент Ист 31-1

1991 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің түлегі кішкентай қоңыр қыз – Алтынай бүгін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті қабырғасында 32 жыл ұстаздық, ғалымдық белестерді игерген білікті, тәжірибелі тұлғаға айналған. «Ұстамды ұстаз- дана» дейді халқымыз. Алтынай Шұғайқызы осы категорияға жататын тұлға. Қай шаруаны да инені жіпке тізгендей әдіспен әкімшілік тапсырыстармен, қордаланған мәселелерді тындыра береді. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы міндеттерін асқан сақтықпен, уақыттың ерекшеліктері мен талабына сай ұйымдастырып қадір қасиетке ие болып отыр. «Қыздың жасын сұрама» деген бар, алайда Алтынай Шұғайқызы бүгінгі 60 жасына (өте толымды жас - өткен тәжірибелі жылдар бар, сонымен қатар әлі де тындыратын міндеттер бар дегендей) «толық тұлға» болып көтеріліп ұжымдағы жоғарғы білім беру жүйесіндегі тәжірибелі ұйымдастырушылардың біріне

жасады. 2025 жылдың 2 қазанынан тарих, экономика және құқық факультетінің деканы міндетін атқаруда.

Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 40 жыл, соның 32 жылы университет өмірімен байланысты.

2007 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы диссертациялық Кеңесте тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбековтің жетекшілігімен «Орал қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2000 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2007 жылғы 26 маусымдағы (№6 хаттама) шешімімен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді.

Журасова А.Ш. 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Оның ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі нысаны өлке тарихының өзекті мәселелері мен

тікелей қатысушысы болды. Қазақстан халқы ассамблеясының БҚО филиалының сарапшылар комиссиясының мүшесі.

Өзінің педагогикалық тәжірибесін бірнеше рет шеберлік кластарда, жас ұстаздарға арналған семинарларда, оқытудың инновациялық жобалар байқауында көрсетті, оның интерактивті сабақтар өткізу әдістемесі университеттің озық тәжірибелер жинағына енгізілді.

А.Ш.Журасова студенттер мен магистранттарға ғылыми жетекші ретінде белсенді қызмет атқарып келеді. Оған дәлел ғалымның жетекшілігімен 2012 жылы облыстық инновациялар байқауында «Аймақтану» мамандығының студенттері «Кедергісіз білім» жобасымен 3-орынға, 2015 жылдың 25 ақпанында Астана қаласындағы халықаралық олимпиадада 1-орынға, Респуб-ликалық студенттердің ғылыми жұмыстарының конкурсында М.Калиева 3-орынға (2020), Д.Ескендірова 2-орынға (2022), Қуанышбек Гүлжанат- II дәрежелі, Булла Нурай – III дәрежелі



МЕРЕЙЛІ ҰСТАЗ БЕЛЕСТЕРІ

айналып отыр. Оған дәлел төмендегі келтірілген ұстаздық – ғалымдық тәжірибесінің мазмұны мен сапасы.

Журасова Алтынай Шұғайқызы 1965 жылы қарашада Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданының Қызылту селосында дүниеге келген.

Әкесі Журасов Шұғай – Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар ферма меңгерушісі, почта қызметкері болып жұмыс жасаған. Анасы – Айсұлу-сауыншы, дүкенші болып жұмыс жасаған, бірақ өмірден ерте озған, Алтынай Шұғайқызы анасынан 8 жасында қалған.

1973 жылы Казталовка ауданының Алма Оразбаева атындағы мектепке бірінші сыныпқа барды.

1974 жылдан Бірік орта мектебінде бастауыш сыныпты жалғастырды.

1983 жылы Бірік орта мектебін бітіріп, Орал педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, оны 1985 жылы үздік дипломмен аяқтайды.

1985-1986 жылдары Казталовка ауданының Саралжын сегізжылдық мектебінде мұғалім болып қызмет етеді.

Журасова Алтынай Шұғайқызы 1986-1991 жылдары Өл-Фараби атын-дағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы С.М.Киров атындағы) тарих факультетінде оқып, оны «тарихшы, тарих және қоғамтану пәндерінің оқытушысы» біліктілігімен аяқтаған.

Университетте Б.Мекішев, Ө.С.Тәкенов, М.А.Қадырбаева, С.М.Мәшімбаев, У.Ш.Алекенов, Б.С.Қаражанов, М.Койгелдиев, К.Бурханов, Қ.Е.Байзақова және т.б. дәріс алып, оқып жүрген кезінде ғылыми конференцияларға қатысып, баяндама жасайды. Киев қаласында тәжірибеде өтеді.

Тарих ғылымдарының кандидаты Әбу Сақтағанұлы Тәкеновтың жетекшілігімен «ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасыр басындағы Орал облысындағы оқу-ағарту ісінің тарихы» тақырыбында диплом жұмысын қорғады.

1991-1993 жылдар аралығында өзі білім алған Орал педагогикалық училищесінде тарих және қоғамдық-саяси пәндер оқытушысы болып жұмыс жасады.

1993 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дүние-жүзілік тарих кафедрасына жұмысқа қабылданады.

1993-1995 жылдарда университет жанындағы аспирантураның сырттай бөлімінде оқыды.

2008-2009 оқу жылында дүниежүзілік тарих кафедрасының меңгерушісі болды.

2009 жылы дүниежүзілік тарих пен қоғамдық-саяси пәндер кафедрасының қосылуына орай кафедраның оқытушысы, доценті қызметін атқарды.

2014 жылдан кафедра меңгерушісі, 2022 жылдан әлеуметтік ғылымдар білім беру бағытының жетекшісі болып жұмыс



әлеуметтік-саяси мәселелер болып табылады. Зерттеулер нәтижесінде жарияланған 3 монографиясы, сонымен қатар көп жылғы теориялық, оқу – әдістемелік тәжірибесінің қорытындысы ретінде 11 оқу құралы жарық көріп, соның ішінде «Ежелгі дүние тарихы. 2-бөлім. Антикалық дәуір» атты оқу құралы Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, магистр Н.Н.Маймановамен бірлескен «Алғашқы қауымдық қоғам тарихы» оқу құралы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің РОӘК гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары секциясының грифімен шығарылып, республиканың жоғары оқу орындарына қолданысқа енгізілді.

А.Ш.Журасованың Scopus, Web of Science ақпараттық базасына кіретін журналдарда 4 ғылыми мақаласы, ҚР ҒҖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған «ҚазҰУ Хабаршысы», «Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы», «Қазақ тарихы», «БҚМУ Хабаршысы» ғылыми басылымдарында және Австрия, Польша, Ресей, АҚШ елдеріндегі ғылыми басылымдарда мақалалары жарық көрді. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ғалым Ресей Федерациясының Самара, Саратов, Москва, Санкт-Петербург, Астрахань қалаларында және Қазақстан жоғары оқу орындарында өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалары басылымдарда жарияланды.

2014-2015 оқу жылындағы айтулы даталарға байланысты халықаралық, республикалық конференциялар мен онлайн-конференцияларды өткізуге ұйытқы болса, 2015 жылы Орал қаласында өткен Халықаралық «Шерлі шежіре» фестивалінің ұйымдастырушысы және

дипломға (2025) ие болды.

2012-2025 жылдары Алматы, Самара (РФ) қалаларында өткізілген студенттердің республикалық халықаралық ғылыми практикалық конференцияға, стартап жобаларға, республикалық пәндік олимпиадаларға үздіксіз қатысқан студенттері жүлделі І, ІІ орындарға ие болды. Студенттерді ғылыми ізденіске баулыған ғалымның еңбегі бағаланып, 2015 жылы «Студент-Наука-Техника» халықаралық ғылыми практикалық конференциясына (Самар қ., РФ) қатысқан студенттердің ғылыми жұмысының үздік ғылыми жетекші ретінде А.Ш.Журасова «Самара жол қатынастары мемлекеттік университетінің алғыс хатымен марапатталса, 2015 жылы оның жетекшілігімен «Алаштың ақ жолы» атты жалпыұлттық ғылыми зерттеулер байқауына қатысқан «Аймақтану» мамандығының 4-курс студенті А.Мурзабаева жүлделі 3-орынға ие болды.

Ғалым А.Ш.Журасова 2015 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» атанды. А.Ш.Журасова 2016 жылы Польшаның Вармин-Мазур университеті Тополь-чанки қаласында (Словакия Республикасы) ұйымдастырған шетелдік тағылымдамадан өте жүріп, әріптестерімен тәжірибесімен бөлісіп Нитрадағы Философ Константин университетінің жазғы мектебінде шеберлік класын өткізсе, Солтүстік Кипрдің Лефка университетінде біліктілік арттырып сертификат иеленді.

А.Ш.Журасова «Мәртебелі маман» конкурсында жеңімпаз атанып, Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының «Құрмет» медалін иеленді (2018), Білім және ғылым білім министрлігінің, Батыс Қазақстан облысы әкімінің алғыс хаттарымен (2012-2023), Қазақстан халқы ассамблеясының алғыс

хатымен, ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Алғыс хатымен (2022) марапатталған.

Ұстаздық және ғылыми жолдағы жұмыстарының нәтижесі ретінде 2023 жылдың сәуір айында «А.Байтұрсынұлы атындағы» медальмен наградталды және 2025 жылдың 23 мамырындағы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының №791 бұйрығымен 60100-Тарих және археология ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

А.Ш.Журасова - әр іске жоғары жауапкершілікпен қарайтын талап-шыл, еңбеккер ұстаз ретінде әріптестері мен студенттердің арасында сый құрметке ие, ар - ождан таза, абыройлы тұлға.

Алтынай Шұғайқызының отбасы да сыйлы отбасының бірі. 1998 жылы Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылының тумасы Кереев Берік Оспанұлымен отау құрып, бірлескен өмір жолдарында өздерінің адал еңбегімен үйлерін салып, дүниеге әкелген екі қызы Назерке мен Әсемге ата-аналық жылулық пен қамқорлықты сыйлап, шаңырақтарына жақсылықты жинастыра білді. Жолдасы Беріктің мамандығы инженер-механик, ұзақ жылдар Егіндікөл совхозында далалық егіс бригадирі, қамтамасыз етуші (снабженец), автогараж меңгерушісі қызметін атқарып, аудандық кеңес депутаты, партия мүшесі болды.

ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы өзгерістерге орай совхоз тараған соң Орал қаласына келіп, Ақсайдағы Қарашығанақ кен орнын ашу жұмыстарына алғашқылардың бірі ретінде қатысып, 1999-2003 жж. «ССС» компаниясында ауыр техника (САТ) механигі, 2004-жылдан «Орал ойл энд Газ» компаниясында, Казстрой сервис және тағы басқа компаниялар мен мекемелерде қызмет жасап келеді.

Өмірін еңбекпен байланыстырған азамат ретінде Берік тек өмірлік серік емес, сонымен қатар Алтынайдың ең сенімді досы, қолдаушысы. Ол Алтынайдың әрбір ісіне сеніммен қарап, қажыған сәттерінде жігер беріп, шабыттандырып, материалдық қолдау беріп отырды. Осындай түсіністік пен бір-біріне деген құрмет олардың жанұясының берекесін арттыра түсті.

Олардың өмір жолы — шынайы сыйластық пен өзара қолдаудың жарқын үлгісі. Берік Алтынайдың армандарына қанат, ал Алтынай Беріктің өміріне шуақ болып келеді. Бір-бірін қолдап, сеніммен алға басқан жұптың өмірі өзгелерге де үлгі боларлық.

Х.И. КУЖАБЕРГЕНОВА,
т.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор



Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қоғамдық даму департаментінің директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АУҚЫМДЫ БАҒЫТ-БАҒДАРЫ

Қазіргі дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басқан тұста осы дәуірдің барша адамзаты үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсе түсуде. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алуда. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшеюде.

айқындайтын *Цифрлық кодексті* тезірек қабылдау аса маңызды. Осы орайда Мемлекет басшысы: **«Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады. Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн. Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлтына қарамай тарту – өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет. Әсіресе, техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар – ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі», - деп түйіндеуі ойлантай қоймайды.**

Жасанды интеллектіні жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады даусыз. Біздің стратегиялық бағдарымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс. Әрине, елімізде суперкомпьютердің іске қосылуы – зор жетістік. Бірақ мұны Үкімет те, бүкіл қоғам да Қазақстанды, шын мәнінде, цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың бастауы ретінде қабылдауға тиіс. Осы міндетті тиімді орындау үшін Үкімет цифрландыру ісі мен жасанды интеллектіні дамытуға арналған **«Digital Qazaqstan» атты біртұтас тұжырымдамалық құжат** әзірлемек. Онда бастамалар мен жобалардың бәрі жалпыұлттық стратегия аясында біріктірілетін болады. Түптеп келгенде, еліміздің түбегейлі цифрлық жаңғыруын халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бастайтын жол болары сөзсіз.

Жолдауда инвестициялық саясатқа да ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы Үкіметке шетелдік капиталды тарту тетіктерінің тиімділігін қайта қарауды және арттыруды, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен жоғары технологиялық салаларға баса мән бере отырып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауды міндет етіп жүктеді. Көлік-логистикалық саланың дамуы да цифрландырумен тікелей байланысты екені анық. Осыған орай мемлекет басшысы транзит үшін жаһандық бәсеке күшейе түскен қазіргі жағдайда Қазақстан цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізу арқылы ғана өз позициясын сақтап, нығайта алатынын атап өтті. Президент шағын және орта бизнесті дамыту мәселесіне тоқталып, құқықтық базаны кәсіпкерлердің қажеттілігіне қарай бейімдеу керек екенін жеткізді. Осы ретте жасанды интеллект технологиясын пайдалану арқылы заңнаманы түгел тексеріп, зерделеу бастамасы уақтылы қолға алынғанын атап өткен жөн.

Баса айтылар мәселе - **«Заң және тәртіп» мемлекетіміздің мызғымас тұғыры** екендігі. Қоғамда осы қағиданы

түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни, кез келген заңсыздыққа қарсы тұру ұстанымы. Президентіміз: *«Ашығын айтуымыз керек, қазіргі таңда адамдарда дәрекі сөйлеп, бір-біріне ерегесіп, жаға жыртысатын әдет бар. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады. Өкінішке орай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жараспайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс. Озық ойлы ұлт болу үшін мұндай жағымсыз әдеттен түбегейлі арылуымыз керек. Ұлы Абай «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» деп бекер айтпаған. Мәдениет пен әдеп, тәрбие мен тәлім әрбір азаматтың, әрбір отбасының өзінен басталуы қажет. Қазіргі бұлыңғыр заманда ең басты міндет – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Халқымыз тату болса, ішкі ахуал тұрақты болса, біз барлық қиындықты жеңеміз. Кез келген кедергіден өтеміз. Сондықтан жас ұрпағымызды ел тыныштығын бағалай білуге, сақтай білуге баулиық», - деді. Сондай-ақ әрбір азамат мемлекетшіл, отаншыл болуы тиіс. Бүгінде патриотизм сөзінің сипаты, мазмұны өзгеруде. Бұрын бұл ұғым негізінен дәстүрлі құндылықтармен өлшенетін, тіл, мәдениет, руханият мәселесі ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын. Әрине, бұлардың әрқайсысы - ұлт болмысының арқауы. Оны бізден ешкім тартып алмайды, оған алаңдауға еш негіз жоқ. Десек те, қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық сөзін басқаша қабылдайды. Жастардың басым көпшілігі әсіредіншілдікті, әсіреұлтшылдықты қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық. Жастар елді сүюді халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау тұрғысында түсінеді. Олар Қазақстанды дамыған, көркейген мемлекет ретінде көргісі келеді. Заманауи технологияларды меңгеріп, халқымызды озық ойлы ұлттардың қатарына қосуға талпынады. Өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа шынайы ұмтылыс. Бұл – қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын көрінісі. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенуге әрі қолдауға тиіспіз.*

Мемлекет басшысына сүйене айтар болсақ, біз кеше кім болғанымызды ұмытпаймыз. Төл тарихымызға құрметпен қараймыз. Ал келешекте кім болатынымыз тек қана өз қолымызда екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан ғылым-білімге ұмтылған, елін-жерін көркейтуді ойлаған жастарға әрдайым жан-жақты қолдау көрсете береміз. Біз қолға алған ауқымды жұмыстың бәрі жастардың жарқын болашағы үшін жасалуда. Өскелең ұрпағымыздың ертең соның игілігін көреріне, оны еселеп, лайықты жалғастырамыз сенеміз.

Жолдаудың негізгі ерекшеліктерінің бірі Мемлекет басшысының парламенттік реформа жүргізу туралы ұсынысы болғаны белгілі. Бұл бір палаталы Парламентке көшуді көздейді. Аталған бастама – тарихи мәнге ие және Президенттің Әділетті Қазақстан құру, демоктариялық институттар мен тетіктерді күшейту жолындағы байыпты бағдарының логикалық жалғасы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай маңызды реформа тек ашық әрі жан-жақты қоғамдық талқылау негізінде ғана іске асырылатынын айта алды. Соған сәйкес Мемлекет басшысы бір палаталы Парламентке көшу мәселесін азаматтардың және сарапшылардың қатысуымен бір жыл көлемінде талқылауды ұсынды. Бұған қастысты қорытынды шешім жалпы халықтың пікірін ескере отырып, жалпыұлттық референдум арқылы қабылданбақ.

Бүгінгі жастарымыз – ел ертеңі. Қазір жер жүзінде болып жатқан түбегейлі өзгерістерге жастар тез бейімделеді. Соның ішінде жасанды интеллектінің жаңа дәуірдегі орны ерекше. Хакім Абай **«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»** деп айтқанды. Өркениетті әрі озық елдің заңы – әділ, билігі – білікті, ал азаматтары саналы және белсенді болары хақ. Мемлекет деңгейінде қабылданған әрбір шешімнің мән-маңызы, ең алдымен, халықтың тұрмысын жақсарту, экономиканы тұрақтандырып, әлеуметтік әділдік орнату үшін жасалған нақты істермен өлшенуге тиіс. Сонда біз жаңа тұрпатты, мықты ел боламыз. Қуантарлығы, Қазақстан жан-жақты, түбегейлі реформалардың арқасында дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Алда қарқынды жұмыс кезекте тұр. Біз бағдарымыздан айнымай, тек алға қадам басуымыз керек.

Біле білсек, саяси реформалардың бәрі еліміздің біртұтас институционалды жүйесінің ажырамас бөлігіне айналады. Президенттің: *“Мен еліміздің және халқымыздың тағдырына қатысты қандай да бір мәселеге келгенде тек қана ашық саясат жүргізу керек деп санаймын, мұндай ауқымды реформаны қоғамнан құпия ұстауға болмайды деп есептеймін. Осындай тағдырлы мәселелер бойынша халықпен ашық сұхбат жүргізу қажет деп сенемін. Сонда ғана бәріміз бір ел болып, Әділетті және Қуатты Қазақстанды құру жолында тағы бір маңызды қадам жасаймыз”* деуі құптарлық.

Демек, **Президент Жолдауы - Қазақстанды жаңғыртудың жаңа замандағы көшенді жол картасы.** Себебі жасанды интеллект пен цифрлық шешімдерді жаппай енгізу алдағы жылдары мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарты әрі орнықты дамудың кепілі. Ендігі кезекте Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру – Үкімет пен Парламенттің ғана жауапкершілігі ғана емес, барша азамат үшін ортақ іс. Осы жолда жұдырықтай жұмыла білсек қана байыпты даму және әділетті, қуатты әрі заманауи Қазақстанды құру бағдарын одан әрі табысты жалғастыра аламызға күмән жоқ.

«Міржақып мұрасы – мәңгілік елдің қазынасы»

Қазақ руханиятының ұлы тұлғасы ақын, жазушы, көсемсөз шебері, алаш қайраткері – Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай филология факультетінде ҚТӘ-25 тобының ұйымдастыруымен «Міржақып мұрасы – мәңгілік елдің қазынасы» атты тағылымды шара өтті. Іс-шараның мақсаты – ақынның өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау, жастарды елін, тілін сүйуге, ұлтқа адал қызмет етуге тәрбиелеу болды.



Кешке филология факультеті деканының тәрбие ісі бойынша орынбасары Аханова А.С., сондай-ақ Түркия елінен арнайы келген ғалым, PhD доктор, доцент Осман Кабадайы және оқытушылар мен студенттер қатысты.

Шара барысында М.Өтемісов атындағы БҚУ Ғылыми кітапханасы ақынның шығармашылығына арналған кітаптары мен мақалалар, еңбектері қойылған көрме жасақтады. М. Дулатұлының өнегелі өмір жолы мен күрескерлік қызметі жайында әсерлі бейнеролик тамашалап, студенттер ақынның отаншылдық рухқа толы өлеңдерін оқыды.

Сонымен қатар филология ғылымдарының докторы, профессор Ғ.Қ. Хасанов «М.Дулатұлының ғылыми мұралары мен әдеби зерттеулердегі орны» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, тұлғаның Алаш қозғалысындағы тарихи рөлін айқындады.

Кештің көрініс бөлімінде студенттер «Қазақ» газетінің редакциясындағы Міржақып пен Ахмет Байтұрсынұлының сұхбатын сахналық қойылым ретінде сомдап, ұлт рухын оятқан «Оян, қазақ!» шығармасының идеялық мәнін көрерменге әсерлі жеткізді.

Шара соңында «Алаш аманаты» күйі орындалып,

«Мен қазақпын» әні шырқалды. Интерактивті сұрақ-жауап бөлімінде студенттер Міржақып Дулатұлының өмірі мен еңбегі туралы өз ойларымен бөлісті.

Кеш қорытындысында жүргізушілер ұлт көсемі Міржақып Дулатұлының ел тәуелсіздігі жолындағы қажырлы еңбегі мен рухани мұрасының маңызын айта келе, оның «Оян, қазақ!» ұранының ұлт санасында мәңгі сақталатынын атап өтті.

«Міржақыптың мұрасы – тек өткеннің естелігі емес, ол – бүгінгі ұрпақты намысқа, елжандылыққа шақыратын мәңгілік үн», – деді ұйымдастырушылар.

Арнайы шақырылған қонағымыз Осман Кабадайы мырза, шараның жоғары деңгейде өткеніне ризашылығын білдіріп, студенттерге жүрекжарды тілегін білдірді. Шара соңында студенттер қонаққа М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» кітабын естелік ретінде сыйға тартты.

Іс-шара мазмұны мен мәні жағынан жоғары деңгейде өтіп, өз мақсатына толық жетті. Осы игі шара арқылы жастар қазақ руханиятының терең тамыры мен елдік идеясын қайта танып, өткенге тағзым етіп, болашаққа сеніммен қарайды деген сенімдеміз.

Али НАБИ,
ҚТӘ-25 топ кураторы, оқытушы, магистр

«Кітап – рухтың азығы, сана сәулесі»

Кітап – адамзат баласының ең ұлы жетістіктерінің бірі. Ол – тарихтың үнсіз шежіресі, уақытпен бірге жасасып келе жатқан рухани мұра. Асыл сөздің алтын кілті де, адамның ішкі жан-дүниесін тербететін сырлы әлем де осы кітап беттерінен табылады. Кітап оқыған адам – рухани бай адам. Ол тек ақпарат алушы емес, әлемді өз көзімен көріп, санасымен саралай алатын тұлғаға айналады. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың: «Адамның адамдығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады,» — деген дана сөзінде айтылған осы қасиеттердің бәріне жол ашатын негізгі қазына – кітап екені даусыз.

Дәл осы тақырыпты тереңірек талдау мен кітап құндылығын көрсету мақсатында «Jastar life» алаңында «Кітаппен өткен бір күн – қазынаға толы өмір» атты танымдық шара өткізілді. Шара қонақтары- спикерлері, филология факультетінің деканы - А.А.Ақбулатов, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - А.С.Аханова, Жастар департаментінің басшысы - Ж.Е.Ешимова, сонымен қатар университет кітапханасының қызметкерлері, кітапханашы - Садап және Гулсара ханымдар шақырылды. Шарамыздың басты назары - ұлтымыздың белгілі жазушысы Дулат Исабековтің шығармашылығына, атап айтқанда, оның терең философиялық туындысы «Ғауһартас» кітабына арналды. Бұл шығарманы қазақ әдебиетіндегі трагедия мен өмір шындығын байланыстырушы туынды деп атауға әбден болады. «Ғауһартас» тек бір отбасының ғана емес, екі ұрпақтың, екі дүниетанымның тайталасын бейнелейді. Д.Исабековтің өмір жолы мен «Ғауһартас» кітабы туралы презентация мен бейнероликтер көрсетіліп, кейін студенттер келген спикерлерге өзекті сұрақтарын қойып, белсенділіктерін көрсете білді. Қойылған сұрақтарға нақты, әрі түсінікті жауап беріліп, сондай-ақ жеке ойларымен бөлісіп, өзара пікір алмасу арқылы шараның тағылымдық мәні арта түсті. Сонымен қатар, студенттер тарапынан «Ғауһартас» кітабының желісі бойынша қойылған көрініс қонақтар мен барлық қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлай білді. Ұйымдастырылған әдеби, әрі танымдық кештің соңында арнайы шақырылған



меймандарымыз өз лебіздерін жеткізіп, ризашылықтарын білдірді және оларға қазақ әдебиетінің бірнеше танымал кітаптары естелік сый ретінде табысталды.

Айгул НАСИМУЛЛИНА,
ИЯ-25 кураторы, аға оқытушы, магистр
Гулназ ҚАНАТОВА,
ИЯ-25 студенті

УКРЕПЛЕНИЕ НАУЧНОГО ПОТЕНЦИАЛА

В ЗКУ имени М. Утемисова обсудили биологическое разнообразие западного региона.

На базе естественно-географического факультета Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова состоялся круглый стол с международным участием, посвященный вопросам сохранения и изучения биологического разнообразия западноказахстанского региона. Мероприятие объединило ведущих учёных, исследователей, педагогов, а также молодых специалистов, заинтересованных в развитии экологической науки и охране природного наследия края.

Особый интерес вызвало участие зарубежных экспертов, в том числе приглашённого профессора Дербенецкого университета Венгрии. Участники представили результаты своих исследований, обменялись научными данными и обсудили перспективы совместных проектов.

Проректор ЗКУ имени М. Утемисова Кажымурат Ахмеденов подчеркнул стратегическое значение таких инициатив для региона:

«Эти учёные занимаются изучением биологического и ландшафтного разнообразия региона. Совместно с нашими специалистами в 2026 году мы планируем провести комплексные исследования не только в Западно-Казахстанской области, но и в Атырауской, Мангистауской и Актыубинской областях. Полученные результаты будут направлены в государственные органы и природоохранные учреждения для выработки рекомендаций по улучшению и рациональному использованию природных ресурсов», — отметил он.



В работе семинара приняли участие преподаватели университета, учителя школ, студенты и магистранты. Круглый стол стал одним из мероприятий, организованных в рамках визита приглашённого профессора Эдварда Миджея, который активно участвует в научной и образовательной деятельности университета.

Эдвард Миджей, приглашённый профессор из Венгрии, поделился результатами своих исследований: «Помимо лекций, я занимаюсь вопросами охраны окружающей среды. В Венгрии я работал в национальном парке, изучал биоразнообразие пресмыкающихся, особенности крупных степных змей. Я рад сотрудничеству с Университетом имени Махамбета Утемисова и благодарен руководству за поддержку. Верю в развитие наших совместных проектов», — сказал учёный.

Сегодня ЗКУ активно укрепляет международное партнёрство. Университет реализует проект создания Центра академического и исследовательского превосходства. В рамках мега-гранта к научной работе привлечены 16 зарубежных специалистов из России, США, Венгрии и Польши. Это способствует расширению исследовательских возможностей, внедрению передовых методик и повышению конкурентоспособности университета на международной научной арене.



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бүгінде 6000-ға жуық студент білім алады. Оқу ордасы - жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың шығармашылығын, қоғамдық белсенділігін арттыратын үлкен орталық. Мұнда 600 студенттің басын қосқан «өзін-өзі басқару» ұйымы нәтижелі жұмыс істейді. Махамбет жастары облыстық, республикалық деңгейде түрлі сайыстардан жүлдемен оралып, университет абыройын асқақтатып жүр.

ЖАРҚЫРА, МАХАМБЕТ СТУДЕНТТЕРІ!



- «Жарқыра студент» апталығы өткен болатын. Университетімізде студенттер арасындағы интеллектуалды сайыстар, дебат ойындары өтті. Өздеріңіз білетіндей «Ақиқат» пікірталас орталығы бар. Республикалық халықаралық додаларында жүлдегерлер қатарынан үнемі көрінеді. Сонымен қатар халықаралық студенттер күні қарсаңында университетімізде көптеген жобалар жоспарланып жүзеге асты, - дейді М.Өтемісов атындағы БҚУ жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Мирас Қобылан.

Мерекеге орай ұйымдастырылған апталық шара қорытындысы гала-концертте жарияланды. Жеңімпаздар арнайы дипломдар мен марапаттарға ие болды. Бұл - олардың нәтижесі мен бастамаларына берілген лайықты баға. Махамбет университетінде қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген, дарынды әрі жігерлі студенттердің қатары өте көп. М.Өтемісов атындағы БҚУ студенттік ректоры Нұржол Нұрболат ақжарма тілегін жеткізді.

-Ең алдымен барша Орал студенттерін 17 қараша халықаралық студенттер күнімен құттықтаймын. Студенттік өмір бұл – адамның өміріндегі ерекше есте қалатын сәттердің бірі. Осы кезеңде сіздерге тек ғана білім жолында жетістіктер және жаңа мүмкіндіктер мен жарқын жеңістер тілеймін, - деді.

Халықаралық студенттер күні жастардың білімге, өнерге және жаңа ортаға бейімделу жолын дәріптейтін ерекше мереке. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде өткізілген «Жарқыра студент» кешінде жазтаңдай әншілер әуелетіп ән салып, белсенді студенттер қағытпа қалжың мен астарлы әзіл айтып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



ШЕШЕНДІККЕ БАУЛУ СЕМИНАРЫ

Шешендік өнер - қай заманда да, қандай қоғамда да көпшілік қауымға қайтарымды әсер ететін, тұлғаның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын орасан зор қуатты құрал. Шешендік - күні бүгінге дейін құдірет-күшін, қарым-қасиетін жоймаған өнер. Ендеше, осынау бір таңғажайып тамаша өнердің тұңғығына бойлап, кереметіне кенеліп көргенге не жетсін!..

Университетімізде 2025 жылғы қараша айының 6-сы күні **“Қазақ шешендіктану ғылымының табиғаты”** тақырыбында кіріктірілген ашық семинар ұйымдастырылды. Семинардың ғылыми жетекшісі - **Қоғамдық дамуде департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев**. Студенттерді кәсіби шешендікке баулу семинарын әзірлеуде филология факультетінің “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Филология: қазақ филологиясы” мамандығында оқитын **Нұрайна Аманғалиева, Айша Хансұлтанова, Аяулым Бақыт, Яна Сағын, Мәдина Төленова, Меруерт Қарлыбай, Гүлсезім Сүйеуғалиева, Ұлдана Үкім, Аружан Ұзаққайырова, Аяна Мәлік, Ернұр Оразаев** сынды студенттер зор жауапкершілік таныта алды. Семинар басында “Шешендіктану” ғылымының зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеттері айқындалды. Шешендік сөздердің жанрлық-тақырыптық жіктемесі сараланды. Шешендіктанудың тарихи парақтары ақтарылып, шешендік өнердің әлеми деңгейдегі дүниежүзілік халықтық сипаты айқындалып, ежелгі түркі шешендігі (**Афрасиаб, Анақарыс, Тұмар ханым, сақ аруы Зарина**), көне түркі шешендігі (**Қорқыт**), орта ғасырлық түркі шешендігі (**Әл-Фараби**) таразыланды. Қазақ халқының шешендік дәстүрі сипатталып, **Жиренше шешен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым шешен, Махамбет ақын шешендігіне** қатысты үзіктер ұсынылды. Шешендіктанудың логика ілімімен байланысы, шешен сөйлеудің логикасы, шешендік сөзде логика заңдарының қолданылуы, аргументация, аксиома мәселесі ескерілді. Шешен сөйлеу мәдениетінің шарттары, тілдік норма

бағдарланып, аудиторияның сапалық белгілеріне, тыңдау уәждеріне, тыңдаушы типтеріне тоқталынды. Шешен этикасы, сөйлеу техникасы зерделене айтылды.

Семинарға Түркия елінен келген Қыршехир Ахи Эвран университетінің қауымдастырылған профессоры, ғылым докторы **Осман Кабадайы мырза** қатысып, өз сөзінде семинар жұмысына жоғары баға берді.

Семинар барысында профессор **Абат Сатыбайұлының “Іскерлік шешендіктану” кітабының тұсауы кесіліп**, автор еңбектің 5 (бес) данасын университет кітапханасына сыйлады. Сондай-ақ семинар үстінде республикалық ғылыми-әдістемелік **“Бүгінгі ұстаз таңы” журналының тұсауы кесілді**. Аталған басылымның бас



редакторы **Жасұлан Дәурен Жәрдемұлы** сөз алып, журналға мақала беруге шақырды.

Семинар соңында филология факультетінің деканы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор **Ақболатов Айдарбек Ахметұлы** сөз алып, семинар жұмысының студент қауымы үшін аса қажетті күн тәртібіндегі өзекті мәселені қозғауына қолдау білдірді. Семинар барысында университет кітапханасы ұжымы тарапынан **«Ұлттық шешендік өнері – құндылықтар көзі»** тақырыбында арнайы көрме жасақталды. Тақырыптық көрме материалдарын кітапханашы **Жанар Бекболатқызы Көбеева** аса ыждағаттылықпен шешен тілде таныстыра алды.

Ермек ЖЕМЕНЕЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Аяулым МҰРАТХАНҚЫЗЫ,
Аяулым МАРСЕЛОВА,
Қоғамдық даму департаментінің әдіскерлері

«Ұстаздық – ұлы іс» дейді халық даналығы. Сол ұлы істі өмірлік мұрат етіп, бар ғұмырын өнер мен өскелең ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты тұлғалардың бірі – **Қуандық Мәдір Насихатұлы**. Биыл Қуандық Мәдір өзінің 60 жылдық мерейтойын Атамекен ордасында «Пайым пернесі қиял кеңістігі» атты шығармашылық кешін шәкірттері мен әріптестерінің ортасында атап өтті. Қуандық Мәдір Насихатұлы – суретші-график, композитор, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Суретшілер және журналистер одағының мүшесі, Тұран көркемөнер сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері, өнертанушы, және қаумдастырылған профессор. Оның шығармашылығы өнер сүйер қауым арасында жоғары бағаланып, әр саланың мамандары арасында құрметке ие болды. Қуандық Мәдір Насихатұлы – бейнелеу өнерінің ғана емес, музыка мен әдебиеттің де жанашыры. Оның шығармашылық әлемі өте көпқырлы: сурет өнерінен бастап, композиторлық шеберлігіне дейін өзіндік ерекшелікке толы. Оның еңбектері түрлі көрмелер мен симпозиумдарда таныстырылып, тыңдармандар мен көрермендерді таңқалдырды. Қуандық Мәдір Наисхатұлы ұзақ жылдар бойы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ұстаздық қызмет атқарып, онда өнер саласы бойынша көптеген талантты жастарды тәрбиелеп шығарды. Әр шәкіртіне шығармашылықтың тереңдігін, рухани ізденістің маңызын ұғындырып, олардың жеке даралықтарын ашуға бағыттай білді. Қазіргі таңда Қуандық Мәдір Насихатұлы саз мектебінің директоры қызметін атқарып келеді.



Оның басшылығымен бұл өнер ордасы шығармашылық ізденіс пен талантты жастардың ұясына айналды. Ол ұжымда жылы атмосфера қалыптастырып, әр ұстаздың еңбегін бағалай білетін басшы ретінде зор құрметке ие. Қуандық Мәдір Насихатұлы шығармашылығының тереңдігі мен көпқырлылығы атап өтуге тұрарлық. Ол көптеген көрмелер мен симпозиумдарға қатысып, өзінің ерекше стилі мен терең философиялық мазмұнымен көрерменді баурап алды. Оның әр туындысы өз заманы мен қоғамын терең ойлап, өмірдің мағынасын суреттеуге тырысты. Қуандық

Мәдір Насихатұлына арналған альбом-каталог 60 жылдық мерейтойы қарсаңында арнайы дайындалды. Бұл каталогтың авторы – өнер зерттеушісі және мәдениет саласының маманы Джумағалиева В.С. Ол бұл кітапта Қуандық Мәдірдің шығармашылығы мен өмір жолын терең зерттеп, суретшінің өнердегі орны мен оның аймақ мәдениетіндегі үлесін айқындап көрсетті. Альбомда Қуандық Мәдірдің суреттері, оның өнерге қосқан үлесі және аймақ өнеріндегі орны айшықталып, оқырмандарға ұсынылды.

Алпыс жылдық өмір белесі – бір дәуірдің

айғағы. Осы мерейлі сәтте әріптестері мен шәкірттері Қуандық Мәдірге зор денсаулық, шығармашылық табыс, ұзақ ғұмыр тілеп, еңбегінің жемісін көруге ниет білдірді. Қуандық Мәдір – суретші-график, композитор, ұстаз, басшы. Өмірін өнер мен жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған осындай тұлғалар барда ұлттық мәдениетіміздің тамыры тереңдеп, болашағы жарқын болмақ.

В.С. ДЖУМАГАЛИЕВА,
Мектептегі көркем еңбек және дизайн мұғалімдерін даярлау, сән және дизайн мамандарын дайындау БББ оқытушы, магистрі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Педагогика факультеті, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы бойынша әдістемелік айлық шеңберінде «Ардагерлер ізімен» атты патриоттық кездесу өтті. Кездесуге жергілікті әскери басқару органдарының өкілі мен Тәжік–Ауған соғысының ардагері шақырылып, студенттермен әсерлі сұхбат өрбіді.

Шараға Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының тәрбие-идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, басқарма бастығы подполковник Жақыпов Алмат Алмасұлы және Тәжік–Ауған шекарасының ұрыс қимылдарының ардагері, запастағы сержант Сейтқазиев Тұрарбек Орақұлы арнайы қонақ ретінде қатысты. Кездесудің басты мақсаты – жастарды елжандылыққа, Отанды сүйуге, батырлық пен ерлікке баулу, ардагерлердің өмір жолын үлгі ету және олардың ерлігін ұлықтау болды. Сонымен қатар студенттер арасында патриоттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру көзделді. Подполковник Алмат Алмасұлы жастармен ашық әңгіме жүргізіп, қазіргі Қазақстан армиясының дамуы, әскери борыш пен ел алдындағы жауапкершілік туралы ойларымен бөлісті. Ал Тұрарбек Орақұлы Тәжік–Ауған шекарасындағы ұрыс қимылдары кезінде бастан кешкен қиындықтар мен ерлік, достық, бауырмалдық туралы әсерлі естеліктер айтты. Кездесу барысында студенттер қонақтарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Ерлік пен батырлық тақырыбындағы дәрістер оқылып, ардагерлердің ерлік жолын бейнелейтін бейнематериалдар көрсетілді. Іс-шара

«Ардагерлер ізімен» – ерлікке тағзым



соңында студенттер ардагерлерге ризашылықтарын білдіріп, естелік суретке түсті. Кездесудің нәтижесінде, жастар ел қорғаудың қасиетті борыш екенін түсініп, ардагерлердің өнегелі өмірінен үлгі алды. Ардагерлерге

деген құрмет пен елге деген сүйіспеншілік сезімі нығая түсті.

С.Ж.БАХТИЯРОВА,
Педагогика факультеті, Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау БББ жетекшісі

«БАЛА ЖҮРЕГІ МЕН ҚАН ТАМЫРЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

ЖИ технологияларын пайдалану студенттердің танымдық бөлсенділігін арттырып, ғылыми түсініктерді меңгеруді жеңілдетеді. Визуалды және интерактивті тәсілдер арқылы күрделі биологиялық үдерістерді нақты елестетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ЖИ оқытуда жекелеген тәсіл қолдануға жол ашып, әр студенттің деңгейіне сай мазмұнды ұсынады. Бұл – білім берудің тиімділігін арттырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын және технологиялық сауаттылығын дамытуда маңызды құрал.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге жүректің құрылысы мен қызметін терең түсіндіру, сондай-ақ жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып визуалды модельдермен таныстыру арқылы оқу материалын жеңіл әрі қызықты жеткізу. Студенттер жүрек бөлімдерінің атқаратын қызметін, қан айналым жүйесімен байланысын үйренеді және жасанды интеллект көмегімен жүрек құрылысының үшөлшемді моделін зерттейді. Сабақ заманауи технологияларды білім беру процесіне тиімді енгізу арқылы студенттердің танымдық қызығушылығын арттыруды көздейді.

Сабақтың міндеттері:

Балалардың жүрек-қантамыр жүйесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін (жүрек соғу жиілігі, қан қысымы, жүрек көлемі, т.б.) меңгерту;

Жүрек пен қан айналым жүйесінің қызметі мен жас ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету;

Салауатты өмір салтын сақтау, жүрек-қантамыр ауруларының алдын алу туралы білім беру;

Теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыра білуге жағдай жасау (мысалы, пульс пен қан қысымын өлшеу)

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (3-5 минут)

– Сәлемдесу, студенттерді түгендеу

– Сабақтың мақсатын түсіндіру

– Қызығушылықты ояту: «Жүрек не үшін қажет?» сұрағына Qwen Chat арқылы жауап алу.

Qwen Chat <https://quizizz.com> — бұл Alibaba компаниясы жасаған көптілді жасанды интеллект чат-бот, негізінен қытай, ағылшын, және басқа тілдерде жұмыс істейді. Ол ChatGPT-ге ұқсас, бірақ кейбір ерекшеліктері бар. Оны білім беру процесінде, әсіресе физиология пәнінде келесі мақсаттарда қолдануға болады:

Qwen Chat-ты сабақта қолдану жолдары

1. Мәтін генерациясы

Студенттерге күрделі физиологиялық ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіру.

Мысалы, сұрақ қою: “Explain how the child's heart differs from the adult heart in simple terms” — жауап ретінде қысқа әрі нақты түсініктеме береді.

2. Код жазу және дерек өңдеу

Qwen Chat шағын биомедициналық есептерді (мысалы, жүрек соғу жиілігі, қан қысымы формулалары) есептеп немесе түсіндіріп бере алады.

3. Виртуалды ассистент

Студенттерге үй жұмысы кезінде немесе тестке дайындалғанда қолдануға болады:

Тест сұрақтарына жауап

Қысқаша түсініктеме

Мәтінді қайта жазу немесе қорытындылау

Ұлттық құндылықтарды негіздеу мақсатында асық арқылы студенттерді 3 топқа бөлу

II. Жаңа сабақты меңгеру (25-30 минут)

1. Теориялық бөлім:

– Жүректің құрылысы, бөлімдері, қызметі (әр топ

дайындап келген презентацияларын қорғайды)

Презентацияны Canva (Magic Write / AI Generator) <https://www.canva.com> арқылы жасады.

2. ЖИ құралдарын қолдану:

1. Miro — бұл визуалды онлайн тақта, оны сабақта топпен жұмыс істеу, идея карталарын құру, процестерді бейнелеу, диаграмма жасау сияқты мақсаттарда өте тиімді қолдануға болады. Оны ЖИ мүмкіндіктерімен біріктіре отырып, «Бала жүрегі мен қан тамырларының қызметі» сабағында қолдануға болады.

Miro-ны осы сабақта қолдану жолдары:

1. Құрылымдық сызба жасау (жүрек пен қан айналым жүйесі)

Студенттерге жүректің бөліктері мен қан айналым шеңберлерін диаграмма түрінде жасау тапсырмасы беріледі.

Miro-да бірлесіп сурет салып, қан ағу бағытын көрсетеді (мысалы, көк және қызыл стрелкалармен).

2. Миға шабуыл және ой картасы (Mind Map)

Тақырыптың басына «Бала жүрек-тамыр жүйесінің ерекшеліктері» деп жазып, бұтақтарға:

- жүрек соғу жиілігі,
- қан қысымы,
- жүрек салмағы,
- физиологиялық бейімделу,
- патологиялар сияқты бөлімдерді тарату.

Өр топ өз саласына жауап береді және бір тақтада бірге жұмыс істейді.

3. ЖИ интеграциясы (Miro Assist / AI Plugin арқылы)

Miro Assist — жазбаша жазбаларды тез құрылымдауға көмектеседі.

ЖИ тақырыпқа сай мазмұнды топтастырып, қысқаша анықтама немесе түсіндіру жазып береді (мысалы, жүрек фазаларын сипаттап беру).

2. ElevenLabs — бұл жасанды интеллект негізіндегі дауыстық синтез (text-to-speech) платформасы. Оны физиология сабағында, әсіресе «Бала жүрегі мен қан тамырларының қызметі» сияқты күрделі тақырыпты есту арқылы меңгеруді жеңілдету үшін өте тиімді пайдалануға болады.

ElevenLabs-ты сабақта қолдану жолдары:

1. Теориялық мәтіндерді дыбыстау (аудио-нұсқа):

Жүрек құрылысы мен қызметі туралы қысқаша мәтінді ElevenLabs арқылы әсем, анық дауысқа айналдыруға болады.

Аудионы студенттерге сабақ алдында/кейін тыңдауға тарату — әсіресе аудиал стильдегі оқушылар үшін пайдалы.

Балалар мен ересектерге арналған дауыстарды тандап, жас ерекшеліктерін көрсетуге болады.

Мысал: «Жүрек — бұл төрт қуысты бұлшық етті мүше. Ол үнемі жиырылып, қан айдайды...» деген мәтінді ElevenLabs ер немесе әйел дауысымен дыбыстайды.

2. Инклюзивті оқытуда қолдану:

Көру қабілеті нашар немесе мәтінді оқуға қиындық көретін студенттер үшін аудио-нұсқа қолжетімділікті арттырады.

Сабақты бірнеше тілде дыбыстауға болады (қазақша, орысша, ағылшынша).

Қалай қолдануға болады:

<https://www.elevenlabs.io> сайтына кіріңіз.

Аккаунт ашыңыз (тегін жоспары бар).

Мәтінді енгізіңіз (қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде).

Дауысты таңдаңыз (ер, әйел, бейтарап, жас/ересек).

Аудионы жүктеп алып, сабақта немесе онлайн платформада қолданыңыз

III. Бекіту (10-15 минут)

Бала жүрегі мен қан тамырларының қызметі” сабағында дәрігерді шақырып, кеңес беру – бұл интерактивті оқыту әдісі болып табылады.

Бұл әдістің сипаттамасы:

• Сабақ барысында нақты маман иесін (дәрігерді) шақырып, студенттерге тәжірибеге негізделген ақпарат беру.

• Студенттер сұрақ қойып, нақты клиникалық жағдайларды талдайды.

• Студенттер тек теориямен шектелмей, қолданбалы білімге бағыт береді.

Мақсаты:

• Студенттердің теориялық білімін практикалық түсінікпен ұштастыру.

• Балалардың жүрек-қантамыр аурулары туралы нақты мысалдар мен алдын алу шараларын білу.

IV. Қорытынды (5 минут)

– Сабақтың мазмұнын қорытындылау;

– бағалау (Miro-да стикерлер арқылы әр студент өзінің түсінбей қалған мәліметтерін бекіту);

– белсенді оқушыларды атап өту Eleven Labs арқылы жүрек туралы шағын мәтінді тыңдау және Qwen Chat арқылы қысқаша конспект.

Қорыта келе, студенттерге балалардағы жүрек-қантамыр жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін түсіндіруде маңызды орын алады. Сабақ барысында теорияны практикалық мәліметпен ұштастыру – білімнің сапалы меңгерілуіне жол ашады. Дәрігер-маманның қатысуы студенттерге нақты клиникалық тәжірибеден мысал келтіріп, кәсіби бағдар береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдарын (Miro, ElevenLabs, Fusion Brain, Runway) пайдалану арқылы сабақтың тиімділігі артып, студенттердің қызығушылығы мен қатысу бөлсенділігі жоғарылайды. Мұндай заманауи әдістерді қолдану – болашақ мамандарды даярлаудағы маңызды қадам.

А.Н.СЕЙТҚАЗЫ,
биология, география және химия мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

КІРІСПЕ
Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес қазақстандық білім берудің қажеттілігін арттыру және дәстүрлі оқу бағдарламасынан функционалды сауаттылыққа, болашақ еңбек нарығында талап етілетін заманауи дағдылар мен құзыреттілігін қалыптастыру көзделген.

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі — студенттердің өздігінен ізденуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Бұл әсіресе техникалық және жаратылыстану ғылымдары саласындағы мамандар даярлауда маңызды. Математика — бұл ғылымның негізі және оқу үрдісінде жобалық қызметтің орны ерекше. Қазіргі замандағы педагогикалық технологиялар математика пәнінде теориялық білімді практикамен ұштастыруға бағытталған жобалық әдістерді белсенді енгізуді талап етеді. Бұл мақалада математика бойынша жобалық қызметтің студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына әсері қарастырылады.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі — теориялық білімнің болуы мен қатар оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдана алу тәсілдерін, педагогтық құндылықтар бағдарын, кіріктірілген мәдени көрсеткіштерін қамтитын көп факторлы құбылыс. Басқаша айтқанда, құзыреттілік деп сәтті педагогикалық қызметті жүзеге асыру қажетті кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттердің жиынтығын айтамыз.

Қазіргі таңда мектептегі білім беру жүйесінде оқушылардың табысқа жетуі үшін қажетті білім және дағдылармен қатар, білім беру әдістемелері мен осы білімді балаларға оқыту әдіс-тәсілдері де қайта қарастырылуда. Мектеп математикасында көбіне пәндік білімдер оқылып, алынған білімнің өмірде қолданысы қарастырылмайды. Оқушылардың қоғам өміріне пайдалы қатысуы үшін, ақпаратты дербес бөліп алуға, талдауға, құрылымдауға және тиімді пайдалануға үйрету Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғыртудың жетекші бағыты болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Физика-математика факультетінің, 6В01502 Математика-физика БББ-ның 2 курс студенттерімен оқу үдерісінде кәсіби бағытталған жобалармен жұмыс жүргізілді. Студенттер өздерінің алғашқы жобаларын оқудың бірінші аптасында-ақ тұжырымдап көрді және кейін оларды жетілдіріп, жаңа тың идеялар ұсынды. Мұндай жоба студенттің университет қабырғасында жүргенде-ақ болашақта жеке кәсібіне айналуы мүмкін [1]. Осы зерттеудің негізіне педагогикалық қызметке, соның ішінде жобалық қызметке

МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ БАКАЛАВРДЫ ДАЯРЛАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ АЛГЕБРА БОЙЫНША КӘСІБИ БАҒДАРЛАНҒАН ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

болашақ математика пәні мұғалімдерін даярлауға бағытталған практикалық бағдарланған тәсілдің тұжырымдамасы алынған. Кәсіби бағдарланған математикалық жобаларды студенттердің пәндік, жобалық және ғылыми-зерттеу қызметтерінің өзара байланысын іске асыру құралы ретінде қолдану идеясы бакалавриат деңгейіндегі «Педагогикалық білім беру» бағыты, «Математика және физика» бейіні бойынша оқитын студенттердің оқу жоспарындағы алғашқы семестрінде «Алгебра» пәнін оқу барысында БББ-ның жұмысына енгізілген.

Математикадағы жобалық қызметтің мәні мен маңызы

Жобалық қызмет дегеніміз — нақты мақсатқа бағытталған, жоспарлы түрде ұйымдастырылған зерттеу немесе шығармашылық іс-әрекет. Математикада бұл — белгілі бір есепті немесе теориялық мәселені зерттеп, шешімін табу, жаңа әдістерді қолданып, практикалық тапсырмаларды орындау.

Жобалық қызметтің маңыздылығы төмендегідей:

Теория мен практика арасындағы көпір: Күрделі математикалық ұғымдар жобалық жұмыс арқылы нақты өмірлік немесе ғылыми жағдайларда қолданылады, бұл білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру: Жобалар студенттерді ғылыми ізденістерге тартады, олар ақпарат жинау, талдау және нәтижелерді қорытындылау дағдыларын меңгереді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту: Жаңа идеяларды ұсыну, проблемаларды шешудің инновациялық жолдарын табу мүмкіндігі пайда болады.

Командалық жұмыс және коммуникативтік дағдылар: Жобалар топпен жұмыс істеуді талап етеді, бұл топтағы әр мүшенің рөлін түсініп, ынтымақтастықта болуға үйретеді.

Кәсіби бағдарлау: Жоба барысында студенттер өз мамандығының ерекшеліктерін терең түсініп, болашақ маман ретінде өзін таныта бастайды.

Жобалық қызмет студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қалай әсер етеді?

Жобалық қызмет студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда негізгі

әдіс-тәсіл болып табылады. Оған бірнеше себептер бар:

Ғылыми ізденіске дайындық: Жобалар арқылы студенттер ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдерін — тақырып таңдау, мақсат қою, материалдар жинау, талдау және қорытындылау — үйренеді.

Теориялық білімді бекіту: Материалды зерттеп, практикалық тапсырмаларды орындау теориялық білімді күшейтеді.

Тәуелсіздік пен жауапкершілік: Жоба өздігінен жұмыс істейтіндікті талап етеді, бұл студенттердің өз оқуына жауапкершілігін арттырады.

Ғылыми коммуникация: Жобаның қорытындысын қорғау, ғылыми конференцияларда баяндау студенттерді өз ойын анық жеткізуге үйретеді.

Инновациялық ойлау: Зерттеу процесі барысында студенттер жаңа тәсілдер мен идеялар ұсына отырып, инновациялық көзқарасты дамытады.

Математика бойынша жобалық қызметтің практикалық үлгілері

Тольятти мемлекеттік университетінде жүзеге асырылған «Қызықты алгебра» жобасы — студенттердің жобалық қызметінің табысты мысалы. Бұл жоба математиканың қызықты әрі қолжетімді тұстарын оқушыларға үйретуге бағытталған. Жоба шеңберінде студенттер:

Алгебраның тарихи даму кезеңдерін зерттейді;

Қызықты есептерді шешу арқылы аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылармен тікелей жұмыс істеп, өздерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіреді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін конференцияларда ұсынады. Осы жобаның нәтижесінде студенттер теориялық білімдерін практикада сынап, кәсіби дайындығын арттырды.

Бұл жоба М.Өтемісов атындағы БҚУ де математика-физика БББ-ң МФ-21 топ студенттерімен жүзеге асырылды. Бұл жоба барысында топ студенттері 4 топқа бөлініп, әрқайсысы өз тақырыптары бойынша жұмыс атқарды.

Жобалық қызметті ұйымдастыру кезеңдері

Жобалық қызмет бірнеше кезеңнен тұрады:

Ұйымдастыру жұмысы: Топқа бөлу,

жобаның тақырыбын таңдау, мақсаттар мен міндеттерді айқындау.

Зерттеу жұмысы: Әдебиеттерді оқып, қажетті мәліметтер жинау, проблеманы талдау.

Жобалау және орындау: Зерттеу әдістерін таңдап, есептерді шешу, модельдер құру.

Апробациялау: Жобаның нәтижелерін практикада сынау (мысалы, мектеп оқушыларымен жұмыс).

Қорытындылау және қорғау: Нәтижелерді баяндау, ғылыми жұмысты жазу, қорғау.

Қорытындылай келе, математикадағы жобалық қызмет студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына негізі болып табылады. Ол білім алушылардың теориялық және практикалық білімдерін үйлестіруге, зерттеу дағдыларын дамытуға, кәсіби тұрғыда өзін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл жобада алгебра және сандар теориясы курсының негізгі бөлімдері үшін кәсіби бағытталған тапсырмалар мен жобалар жүйесі негізінде әзірленген. Математика пәні мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетіне бакалаврларды даярлауда кәсіптік-бағдарлы тапсырмалар жүйесін енгізудің тиімділігінің шарттары: мазмұндағы негізгі идеялар мен әдістерді көрсету арқылы алгебра және сандар теориясын оқуға оң мотивацияны қалыптастыру, оларды мектептегі математика курсында жүзеге асыру; алгебра және сандар теориясын оқытуда оқу, ғылыми-зерттеу және жобалық әрекеттерді ұйымдастыру толықтай зерттелді. Математика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетіне бакалаврларды дайындау құралы ретінде алгебра және сандар теориясы курсына кәсіби бағытталған тапсырмалар мен жобалар жүйесінің тиімділігі эксперименталды (МФ-21 тобында) түрде тексерілді.

Сондықтан университеттер мен педагогикалық мекемелерде математика пәні бойынша жобалық қызметті жүйелі түрде енгізу қажет. Бұл әдіс студенттердің шығармашылық потенциалын ашып, болашақ маман ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Б.Ж. МУХАМБЕТОВА,
Математика мен физика мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы, магистр

2025 жылдың 13 қазан – 7 қараша аралығында М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Педагогика факультетінде «Инновациялық педагогика және құндылыққа негізделген білім: болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуда цифрлық трансформация, жасанды интеллект (AI), CLIL, инклюзивті білім беру, тұрақты даму құндылықтары, soft skills және зерттеушілік дағдылардың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбында әдістемелік айлық өткізілді.

Айлық аясында Педагогика және психология білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы және студенттердің қатысуымен бірқатар ғылыми-тәжірибелік, танымдық және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

13 қазан күні Педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр Н.У.Құлдашева П-21 топ студенттеріне «Инклюзивті спорт психологиясы» тақырыбында проблемалық дәріс өткізді. Сабақ барысында параолимпистер туралы бейнеролик көрсетіліп, мотивациялық эссе жазу мен кейс-стади әдістері қолданылды. Дәріс соңында жасанды интеллект арқылы кері байланыс ұйымдастырылды. Оқытушы,

Инновациялық әдістерді меңгеру

магистр Г.Қ. Қуаныш ұйымдастырған «Өзіңді таны — дарыныңды аш» атты workshop-та студенттер soft skills дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі жаттығулар орындап, өз қабілеттерін танытты. Іс-шараға тәжірибелі психолог, арт-терапия және МАК маманы Н.Н.Ғабдрахимова қатысып, студенттерге метафоралық карталар арқылы психологиялық сессия өткізді.

Қазан айының 14 күні Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр А.А. Андрианованың Инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған интерактивті форматтағы ашық сабақта лекция-дискуссия, рөлдік ойын, кейс-талдау және топтық жұмыс элементтері қолданылды. Сабақ студенттердің белсенділігін арттырып, олардың цифрлық және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етті. Аға оқытушы, магистр Н.Е. Мұқанованың жетекшілігімен «Жасанды интеллект болашақ педагог-психологтар көзімен» тақырыбында семинар-тренинг өтті. 3-курс студенттері «Smart Psychologist» жобасын таныстырып, жасанды интеллекттің психологиялық қызмет жүйесіндегі

қолданылу мүмкіндіктерін көрсетті.

15 қазан Орталық кітапханада «Менің мамандығым — менің таңдауым» атты кәсіби бағдар беру мақсатында дөңгелек үстел өтті. Шараға қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарының өкілдері және Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы Ж.С. Исмагулова мен «Педагогика және психология» мен «Әлеуметтік педагогика және педагог-ассистент» білім беру бағдарламаларының студенттері қатысып, мамандық таңдаудың өзекті мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, п.ғ.к., аға оқытушы А.Г.Муханбетчина магистранттармен «Педагогикалық технологиялар» тақырыбында ашық дәріс өткізіп, инновациялық оқыту әдістерінің ерекшеліктерін таныстырды.

Оқытушы Б.Н.Төлегенова ұйымдастырған «Жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» тақырыбындағы мотивациялық кездесуге тәжірибелі педагог-психологтар Ж.К.Мұрат

және А.О.Таскенова шақырылып, студенттерге өз тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу барысында ерекше балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістері талқыланып, кәсіби бағыт-бағдар берілді.

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы «Оқушылар сарайында» дуалды білім беру мақсатында «Заманауи педагог-психологтың креативті алаңы: инновация және ынтымақтастық» атты тәжірибелік семинар өткізілді. Семинарды оқытушылар Б.Ж.Сариева мен Ж.Г.Байғалиева ұйымдастырды. Шара барысында студенттер интерактивті ойындарға қатысып, өздерінің кәсіби және шығармашылық әлеуетін танытты.

Әдістемелік айлық барысында өткізілген іс-шаралар болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, инновациялық ойлау мен шығармашылық бастамаларын дамытуға бағытталды. Мұндай бастамалар білім сапасын арттырумен қатар, заманауи педагог тұлғасын қалыптастыруға зор үлес қосады.

Ж.Г.БАЙГАЛИЕВА,
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр

Үздіктер марапатталды

15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай Бизнес, басқару және туризм БББ жетекшісі А.Н.Шарафутдинова білім беру бағдарламасын дамытуға белсенді үлес қосып жүрген стейкхолдерларды М.Өтемісов атындағы БҚУ ректорының арнайы алғыс хатымен марапаттады. Бүгінгі таңда, стейкхолдерлер ЖОО-ның стратегиялық дамуына, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау процесіне маңызды рөл атқарып келеді.

Экономика бағыты бойынша марапатталған стейкхолдерлар:

- ҚР Ұлттық банкінің еңбек сіңірген қызметкері, банк жүйесінің ардагері Сатыбалдина Галия Камчатовна;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БҚО филиалының ШОБ бойынша директор орынбасары Тю Бэла Владимировна;

- Батыс Қазақстан өңірлік электр желілік компаниясы «ЖШС»-нің Экономика және қаржы жөніндегі директоры Картмамбетова Жанна Ниязовна;

- ҚР ДСМ БҚО бойынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ММ филиалының бас бухгалтері Сағатова Айгуль Досымовна;

- «ASaR AutoTrans» ЖШС-нің директоры Бисенғалиев Арман Нурланович;

- «САТ – Central Asia Trading» ЖШС-нің бас бухгалтері Жунусова Айнура Сабиғалиевна.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі өз сөзінде стейкхолдерлердің тәжірибелік білім беру, бірлескен жобалар және студенттердің кәсіби дағдыларын жетілдіру бағытындағы қолдауының маңыздылығын атап өтті. Бұл марапат – бөлімнің жүйелі жұмысын, сапалы менеджментін және өңірдің бизнес-қоғамдастығымен тұрақты әріптестік орнатудағы жоғары деңгейін көрсетеді. Стейкхолдерлар тарапынан көрсетілген сенім мен қолдау білім беру бағдарламасының дамуында маңызды рөл атқарады.



Халықаралық студенттер күніне орай, Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің КЯЛангл-21 тобы ұйымдастырған «The Student Pulse» атты мерекелік шара жоғары деңгейде өтті.

«The Student Pulse»

Факультет студенттері мен ұстаздары бас қосқан бұл кеш жастық шақтың жарқын сәттерін, студент өмірінің ерекше атмосферасын айқын көрсете білді. Шараның мақсаты — студенттердің шығармашылығын қолдау, ынтымақтастықты арттыру және жастарға рухани серпіліс сыйлау болды. Шара барысында топ кураторы Сисенбаева Раушан Жаңабайқызы және факультет деканы Акбулатов Айдарбек Ахметұлы, тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Аханова Альбина Сансызбаевна мен оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Наби Али студенттерге жүрекжарды тілектерін жолдап, оқуда табыс, шығармашылық жетістік пен биік мақсаттарға жетуді тіледі. Шараны топтың белсенді студенттері жүргізіп, жылы лебіздерімен, әсерлі сөздерімен кештің атмосферасын аша түсті. Кеш барысында түрлі өнер көрсетілімдері орын алып, студенттердің жан-жақты қабілеті таныла түсті. Заманауи би — топ қыздарының мың бұралған қимылдары көрермендердің қошеметіне бөленді. Музыкалық орындау — Құспан Сұлудың әсем

дауысы кештің сәнін кіргізіп, жиналған қауымға тыныштық пен шабыт сыйлады.

«Он алты қыздың» көрінісі — студенттік өмірдің қызықты сәттерін бейнелеген көрініс көрермендерді күлкіге қарқ қылды. Қарапайым күнделікті жағдайлар арқылы студент болудың көлеңкелі де, күлкілі де тұстары шебер жеткізілді. Кештің ерекше қызыққан тұсы — топ студенттері дайындаған креативті ойындар болды. Қатысушылар да, көрермендер де белсенділік танытып, кештің көңіл-күйін одан әрі қыздыра түсті. Ойындар студенттердің ұйымшылдығын, тапқырлығын және жастық энергиясын айқын көрсетті. Студенттік өмірдің жарқын бейнесі, өнер мен креатив, қуаныш пен достық — бәрі үйлесім тапқан «The Student Pulse» мерекелік кеші - филология факультеті студенттерінің шынайы бірлігі мен белсенділігін көрсеткен әсерлі кеш болды.

Баянсұлу ҚАЛЕН,
КЯЛангл-21 студенті

АҚИҚАТПЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖАЙЫНДА

«Ақиқат» ЖҚБ ПО «Ұлттық киім – ұлт қазынасы» тақырыбында көрсетілім ойын ұйымдастырды. Ойынның негізгі мақсаты: жастар арасындағы ұлттық құндылықтар ұғымын насихаттап, ұлттық киімдерімізді күнделікті өмірде пайдалануға шабыттарын ашу болды.

Пікірсайысшылар «БП: Ұлттық киімді жастар арасында насихаттаудың тиімді жолын ұсынады» қарары бойынша ой өрбітіп, пікір жарыстырды. Аға буындар мен жас буындардың арасындағы бірлікті нығайтқан, ұлттық киімдерді дәріптеген бұл ойын көпшіліктің көңілінен шығып, оң бағасын алды. Ұлттық киім – ұлт қазынасы. Оны сақтау, дәріптеу, ғасырдан ғасырға мұра ету жастардың негізгі қызметі. Тарихқа толы киімдерімізді дәріптейік, бағалайық!



Қазіргі таңда мамандық таңдау жауапкершілігі жоғары міндеттердің бірі. Әсіресе, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман иесі атану үшін нақты қадамдар қажет. Осы орайда, Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Ел президентінің пікірінше, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен азаматтар әрдайым құрметке лайық болуы тиіс. Осы бастамаға қолдау білдіру мақсатында Махамбет университетінде білім алушылар арасында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды.

ЭССЕ БАЙҚАУЫ



Шараның басты мақсаты – студенттердің жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылығын арттыру және еңбекке құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру. Байқауға қатысу үшін университеттің алты факультетінен 150 өтінім келіп түскен. Нәтижесінде 114 білім алушы бақ сынады. Студенттер бір сағат ішінде жұмысшы кадрларды даярлау жүйесіндегі педагогтің рөлі тақырыбына тоқталып, өз ойларын жазды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жұмысшы жандардың немесе ұстаздардың еңбегін бір сағатта толықтай жеткізу мүмкін болмаса да, қатысушылардың біліктілігі жоғары болған. Мысалы, байқауға қатысушы 4-курс студенті Жасмина жұмысшы мамандығының маңызын оңай баяндап берді. Себебі оның жанұясы адал еңбек етіп жүрген жұмысшылардан тұрады, сол себепті тақырыпты ашу жеңіл болған. Ұйымдастырушылар студенттердің ой-өрісінің кеңдігін және эссені сауатты жазу деңгейін атап өтті. Байқау болғандықтан, қазақ және орыс топтарындағы білім алушылардың еңбектері жан-жақты және мұқият қаралды. Нәтижесінде үздік шыққандар анықталып, оларға бағалы сыйлықтар табысталды.

Студенты ОП «Юриспруденция» группы ЮР-42 Асмандияров Адиль и Балбекова Альбина при содействии студентки ОП «Учёт и аудит» группы УА-41-1 Сидорониной Ирины при поддержке куратора ст. преподавателя Усенко М.С. и ст. преподавателя Нуржановой А.К. организовали интеллектуальную игру «ЮрКвиз» для студентов кафедры юридических дисциплин 1–4 курсов. Игра состояла из шести разнообразных раундов, включавших от 3 до 8 вопросов на знание права, логику и сообразительность.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНУЮ ИГРУ «ЮрКвиз»



В мероприятии приняли участие 7 команд: по две команды от 3 и 4 курсов, две команды от 2 курса и одна команда от 1 курса. Мероприятие прошло в весёлой и увлекательной атмосфере: участники активно обсуждали вопросы, соревновались в скорости ответов и поддерживали друг друга. По итогам игры победу одержали: 1 место — команда 3 курса юр-32, 2 место — команда 4 курса, юр-42 и 3 место — команда 1 курса, юр-12. Победители были награждены дипломами и памятными призами, а все участники получили яркие впечатления и заряд положительных эмоций.

Зеленое мышление – это новая модель поведения человечества, благодаря которой в новом веке мы сможем сохранить совершенный экологический баланс на Земле. Пример эко-города во Фрайбурге, пример Дании, где огромное количество энергии производится благодаря созданному ветропарку, история восстановления лесов в Южной Корее – яркие показатели изменения мышления в пользу зеленых технологий. Провозглашение основных целей устойчивого развития на Глобальной Ассамблее ООН и принятие Парижского Соглашения в 2015 году, – события, формирующие основное направление конструктивного созидания на планете. Новые экорешения, возможно, смогут ознаменовать появление новой эры Ното Ecologicus – эры совершенно нового подхода к проблемам Земли: экологичного мышления, направленного на созидание.



ИЗМЕНЯЮЩИЕ РЕАЛЬНОСТЬ

Одним из активистов зеленого движения, способствующего развитию экологичного мышления на планете, является HSH Князь Монако Альберт II – «Зеленый Принц», как называют его во всем мире. Князь Альберт II стал инициатором нескольких проектов в этой области: конференции «Clean Equity» («Зеленый капитал»), именной премии Князя Монако, множества проектов по экологии. Каждый год конференцию «Clean Equity» посещают более 1800 участников: инвесторы, ученые, дипломаты. За время своего существования конференция инициировала более 380 проектов. Благодаря деятельности Князя Монако в этой сфере княжество год за годом становится одним из мировых центров по продвижению и поддержке зеленых инноваций.

«Именно художники представляют собой истинную творческую силу цивилизации или общества. В своем творчестве художник превосходит то, что должно пройти через одно или два поколения и в других областях социальной и культурной жизни», – писал когда-то Мирче Элиаде. Новый век принес в Искусство и творчество новое веяние времени – Green art, искусство которое не только создает Новую реальность, но и старается изменять окружающую действительность. Художники, писатели, кинорежиссеры во всем мире, соединяя искусство и социальные запросы времени, пытаются своими произведениями повлиять на действительность. Как писал в своей автобиографии известный американский фотограф Ансель Адамс «Качество места, реакция на непосредственный контакт с землей и созидательные объекты, такие как горы и небо, необходимы для целостности нашего существования на этой планете».

Инсталляции Олафура Эльфсона, архитектурные перформансы Аманды Шахтер и Александра Левайса, виртуальные леса Назихи Местауи, фотонаблюдения Давида Майзела и выставки французского скульптора Пауло Греньон в сотрудничестве со Всемирным Фондом защиты дикой природы, – действенные примеры Green Art, соединяющие искусство и экологию, творчество и социальные проблемы. Взаимодействие искусства и экологии, а также социальных вопросов – становится необходимой частью культурной политики разных стран.

Green Art как новое течение в современном искусстве не только творит образы и символы нового времени и новой реальности, но и, являясь искусством действия, распространяет идеи экологичного мышления, пытаясь донести его, возможно, не сразу понятным – ассоциативным, но наиболее изменяющим мышление, способом.

Голливудский известный актер Леонардо ДиКаприо в последние годы стал одним из

самых известных «активистов» зеленого движения Америки. В 2008 году ДиКаприо основал фонд по защите окружающей среде – Leonardo DiCaprio Foundation, основная задача которого привлечь внимание общества к возможности остановить глобальное потепление климата.

В 2016 году Леонардо ДиКаприо снял фильм «До потопы» о глобальном потеплении, в соавторстве с Fisher Stevens, James Packer, Bret Ratner, Trevor Davidoski и Jennifer Davisson Killoran. Мартин Скорсезе стал генеральным продюсером фильма. Премьера фильма состоялась в сентябре 2016 года на Toronto International film festival, позже фильм транслировался на канале National Geographic Channel, а также на



мировых тв-платформах.

Как отметил сам актер: «Этот фильм стал результатом нашего 3- годового путешествия. Мы побывали в различных

уголках нашей Земли, чтобы запечатлеть результаты изменения климата. Мы хотели снять фильм, который сможет показать зрителям катастрофичность положения

вещей, а также вдохновит на поиск решения проблемы.»

Отзвуки произведения Леонардо ДиКаприо не утихают с момента премьеры. Обсуждения фильма ведутся на известных тв-платформах, в ведущих вузах планеты. В дискуссиях участвуют мировые ученые, президенты стран, знаковые личности искусства. Чтобы вернуть Миру первозданное состояние, присущее ему до Потопа – Человечеству необходимо будет принять изменения в мышлении, которое пытается донести в том числе и Green Art.

Американский актер Ричард Гир также является активным пропагандистом зеленого Движения. За внимательное отношение к вопросам экологии Ричард Гир был награжден премией International Green Award.

Зеленые технологии не только меняют характер энергетических рынков, главное, они меняют уже сформированный за тысячелетия и неоправдавший себя Lifestyle, создавая новый Modus Vivendi Человека Нового Тысячелетия. Новое экологическое сознание, благодаря green персонам, а также творческим зеленым проектам начинает распространяться по всему миру.

Предпоследний фильм Люка Бессона «Земля», на котором он выступил как продюсер и автор идеи, явился апофеозом пространственного исследования этого режиссера. Премьера фильма состоялась 5 июня 2009 года, во Всемирный День окружающей среды, одновременно в 87 крупных городах мира – это плод творчества Люка Бессона и известного французского фотографа Янна Артюса-Бертрана. Созданию фильма предшествовали 15 лет съемок, около 500000 фотографий Янна Артюса-Бертрана, документальный фильм «Атлантик» Люка Бессона, а также благотворительная деятельность режиссера.

«Земля» стал одним из культовых эко-проектов Синема, своеобразным манифестом поколения Green generation, поколения с «неагрессивным», созерцательным и экологическим отношением к миру.

Все съемки этого грандиозного мега-проекта происходили с «высоты птичьего полета», с помощью камеры высокого разрешения Cinerplex. За 18 месяцев съемочная группа побывала в 53 странах мира, где были сняты наиболее нуждающиеся в нашей помощи пространства Земли.

Фильм «Дом» явился еще одним примером «действенного» кинематографа и искусства Нового века, когда многотысячные аудитории в разных уголках мира, одновременно, благодаря Синема, могут не только увидеть настоящее положение вещей, но и сделать попытку решения.

С каждым днем проектов Green Art становится все больше. Инсталляции и архитектурные перформансы на Эспо-2017 в Астане также стали примерами Green art. Одна из ведущих инсталляций на Экспо-2017 – скульптура Марка Форнеса «Коралл» создана художником в ответ на экологический запрос: она обращала внимание зрителей на проблему исчезновения коралловых рифов.

Только благодаря взаимодействию и взаимовлиянию всех стран новое зеленое мышление станет реальностью. Как провозгласили авторы фильма «Земля»: в наших силах вместе продолжить Историю Земли...

Айым ИСМАИЛОВА,
Писатель, эссеист, официальный
представитель Фестиваля Земли в Казахстане

«Жаңа орта – жаңа мүмкіндіктер»

Әлеуметтік ғылымдар білім беру бағдарламасының аға оқытушысы А.Ж. Куспанованың ұйымдастыруымен студенттерге арналған «Жаңа орта – жаңа мүмкіндіктер» тақырыбындағы практикалық тренинг өткізілді. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – студенттердің жаңа оқу ортасына бейімделуіне, ішкі мотивациясы мен кәсіби өзін-өзі дамыту қабілеттерін арттыруға қолдау көрсету болды.

Тренингті кәсіби психолог, тәжірибелі маман Құрманғалиева Назерке Хамитқызы жүргізді. Іс-шара барысында қатысушылар тұлғалық өсу, өз әлеуетін тану, уайым мен қобалжуды еңсеру, тиімді коммуникация және өз-өзіне сенімділікті қалыптастыру бағыттарында түрлі психологиялық жаттығулар орындады. Спикер студенттермен ашық пікір алмасып, өз кәсіби тәжірибесінен алынған мысалдар арқылы мотивация мен өзін-өзі жетілдірудің тиімді тәсілдерін ұсынды. Психологиялық тренинг жылы және достық атмосферада өтті. Кездесу соңында студенттер ұйымдастырушыларға және Назерке Хамитқызына пайдалы кеңестері мен мотивациялық бағыт-бағдары үшін алғыстарын білдірді. Іс-шара студенттердің жаңа ортада өз әлеуетін толық ашуға, кәсіби және тұлғалық даму жолында жаңа мүмкіндіктерге сеніммен қарауға ықпал етті.



«Мәңгі есім»

Ұлы ақынның рухын медет тұтып,
Келемін сырласуға кезек күтіп.
Ұрпағы мойымайтын халықпыз ғой,
Жүреміз бірде ұтып, бірде ұтылып.

Абайға соқпай ақын өткен емес,
Мағжанның арнауын да бекер демес.
Қайғырсаң да, қуансаң да жүгінетін,
Тәу етіп баратын ол-ұлы белес.

Өмірдің заңына кім қайшы келген,
Жарқ етіп ол да өтті көшіменен.
Жарасын талайлар жүр емдеп жазып,
Ақынның мәңгі өлмейтін есімімен.

Мерейлім ӘБІЛҚАТА,
ИЯ(ІР)-13 студенті

Әке — алыстасың, тым қашық

Әке — алыстасың, тым қашық,
Сағынған көңілде мың жарық.
Жүректе қалған іздерің,
Жылатып тұрар бір сәттік.
Сөзіңді іздеймін санадан,
Жолымды нұр қылар табадан.
Тірлікте тірек боларсың,
Кеудемде аман сен — жорадан.
Жетпейді кей сәтте жаныңа,
Сыр шертер үнсіздік шағына.
Сенсіз де жүрек соғады,
Бірақ бір бос орын — бағында.
Уақыт па, қашықтық па екен,
Сағыныш жүректі жүк еткен.
Әке, үнің естілсе болды —
Алдымнан шыққан күн секілден.
Бергенің — тәрбие, сабырлық,
Өмірдің салмағы — ауырлық.
Арманға жетсем, ең әуелі
Саған деп айтам — «жалғызым!».

Заман жайы

Заман өзгерді, сыры терең, сөзі көп,
Күнде жаңа үміт, жаңа қадам, жаңа топ.
Біреу озар, біреу қалар жол үстінде,
Адал жүрек — ең үлкен биік, ең асыл қоныс боп.
Асығыс уақыт, тағатсыз әлем, толас жоқ,
Кім ізденсе — табады ақыл, табады жол, асқақ боп.
Аңғал көңіл — бағалы қазына, жоғалтпа,
Жүрекке тұнған мейірім — ең байлығың, оны ұқ.
Қиын күнде қайрат керек, сабыр керек,
Жалған сөзден аулақ тұрып, ақты дерек.
Заман кінәлі емес, адам түзелсе,
Тірліктің мәні толады, уақыт меңгерек.
Біреу — атақ қуып жүгіреді,
Біреу — ар іздеп, көңіл төрін түгендейді.
Нағыз байлық — ішіндегі нұр екенін,
Өмір бір күн сынап, бөріне көрсетеді.

Жарық бол, жан-жағыңды жарық қыл, құрмет қыл,
Көңілдің көктемі — жылы сөзден, ізгі пір.
Заман жақсы, жаман емес — көзқарас,
Адал жүрекке әр күн өзі гүл бітір.

Аяжан АБУХАН,
Фил-31 студенті

Ұстазға

Ұстазым — нұрлы ақыл, биік тұлға,
Шәкіртіне жол сілтер үміт қырға.
Өмір атты кең теңізде бағыт беріп,
Жан шырақ боп жанады білім нұрда.

Қол ұстатып, алға жетер арманға,
Сен сендірдің болашақтың таңына.
Жылы сөзің жүректерге шуақ боп,
Мейірімің мәңгі сіңген жаныма.

Сен үйреттің ең алғаш әріп танып,
Жақсылықты, адалдықты, сабырды анық.
Сенің сөзің — өмірімнің шамшырағы,
Сенің нұрың — менің жолым, мәңгі жарық.

Ұстаз деген — ұлылықтың белгісі ғой,
Ардақтаған әр шәкірттің әр кісі ғой.
Бас иіп, алғыс айтып бөріміз,
Мерекеңмен, аяулы ұстаз, кең пейіл той!

Эльназ САБЫР,
ҚТӘ-15 студенті

Болмаса екен өмірдің қара жолағы

Мен салқыннан емес,
Жүзі суық, келбеттен тоңамын.
Болмаса екен
Өмірдің қара жолағы.
Мен дәмі ащы шындықтан емес,
Жеңіл жапқан жаладан қорқамын.
Өмірден емес,
Болары көп сұмдықтан қорқамын!

Ең жақсысы мен ең жаманы

Ең-жақсысы-жақсылармен сырласу!
Адал жанмен шын жүректен тілдесу!
Ең жаманы-надандардың сөзіне,
Көңіл бөліп, қиындықпен күн кешу!...
Ең жақсысы-алтындармен жарқырау,
Жылы жүзді, ақ ниетті бақ табу!
Ең жаманы-арамдарды танымай,
Жан сырынды, бар сырынды ақтару!
Ең жаманы-бұл өмірде іштарлық,
Қызғаныш пен зұлымдықты көз көру!
Ең жақсысы-әсемдік пен даналық,
Үйлестіріп, шешендікпен жеткізу!

Мың алғыс

Мың алғыс Жаратқанға,
Тағы бір күн тарту еткеніне!
Мың алғыс ата-анаға,
Ғұмыр сыйлап, баптағанына!...
Мың алғыс ата-бабаға,
Бейбіт заман тыныштығына!
Мың алғыс Отанға,
Басыма пана болғанына!
Мың алғыс ұстазға,
Білім беріп, тәрбиелегеніне!
Мың алғыс дәрігерге,
Ауырғанды емдегеніне!
Мың алғыс жақсыларға,
Жүзіме күлкі, бақыт сыйлағанына!
Мың алғыс халқыма,
Кең байтақ Қазақ еліме!

Гаярһар МЕНДІХАН,
Фил-11 студенті

Завяли цветы на окне

Завяли цветы на окне,
Их лепестки обвисают, как тени,
Когда-то они влекли к себе,
А теперь лишь память о мгновенье.

Всё что было — прошло.
Цветы, словно нежные сны,
Сначала дарят тепло,
А потом остаются одни.

Тихо склоняются вниз,
Отдав своё светлое чудо,
И будто шепчут нам : «Жизнь — Это миг.
Не жалею ни о чём и не жди чуда».

Ульяна ИСЕНЖАНОВА,
студент РЯЛШ-12

Я любила бы

Я любила бы Вас безрассудно,
Отдавая и сердце, и сны,
Но мне ясно теперь, что посудно
Разделить нам дорогу весны.
Вы - далекий, холодный и светлый,
Как звезда в недоступной дали.
Я ищу Ваших слов безответных,
Что во мне затаились внутри.
Не желаю ни видеть, ни слышать других
Только нежный Ваш взгляд я молю.
Посвящая Вам стих,
Мечтаю услышать «Я тоже тебя люблю»

Анастасия КОЛОМИНА,
студент РЯЛШ-12

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№10 (85), қараша 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Өнертану

МУЗЫКАТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
КЕМЕҢГЕРІ

Тамара Қажығалиқызы Жұмалиева – есімі көптеген шет елдерге таныс Қазақстандағы жетекші музыкатанушы ғалымдардың бірі, өнертану кандидаты, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі, сыншы және қоғам қайраткері. Ғалым – 7 монография, 200-ден астам ғылыми мақала, 5 оқулықтың авторы. Ол 15 жыл өзі еңбек етіп жүрген қарашаңырақта шетел музыкасы кафедрасын басқарған. Оның редакторлығымен басылымнан шығарылған *«Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы»*, *«Традиционная музыка казахского народа»* атты оқулықтары негізінде еліміздегі «Өнер» бағытындағы жоғары оқу орындарының барлық студенттері мен магистранттары білім алуда. Ол - жарты ғасырдан астам уақыт Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында еңбек етіп, ұлттық өнеріміздің дамуына осы күнге дейін шығармашылық жұмыстармен танылып жүрген аса ірі тұлға.

Т.Қ.Жұмалиева - өзінің ғылыми-педагогикалық еңбектерінде музыкатанудың түрлі мәселелерін өзірлеп, үнемі ізденісте жүретін ұстаз. Оның жетекшілігімен атқарылған дипломдық жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертацияларда музыка өнеріндегі өзекті тақырыптар көтеріліп, биік кәсіби деңгейде атқарылды. Профессордың еңбектеріне *«XX ғасыр музыкасы»*, *«Қазіргі заман композиторларының шығармашылығы»*, *«Музыкалық сын және журналистика»*, *«Қазақтың дәстүрлі музыкасы»*, *«Опера өнері»*, *«Симфониялық музыка»* секілді музыкадағы жанрлық бағыттар қамтылған.

Ұстаздық қызметінде Т.Қ. Жұмалиева жастардың бойында бастамашылық жұмыстарға қызығушылығын оятып, жеке қабілеттерін ашуға тырысады. Ол дайындаған 100-ден астам шәкірт еліміздің колледждер мен жоғары оқу орындарында, жақын және алыс шет елдерде өз мамандықтары бойынша жемісті еңбек етуде. Ғалымның терең білімі мен биік кәсіби біліктілігі ұлттық құндылықтарымызды айқындауға бағытталған еңбектерінде анық байқалып, ал ғылыми-шығармашылық ізденістері қазақ халқының дәстүрі мен еуропалық мәдениеттері музыкалық үлгілермен табиғи тоғысуына арналады. Сондай-ақ музыкалық сын және журналистика, шетел кәсіби композиторларының шығармашылығы туралы жазылған еңбектері де баршылық. Кәсіби шеберлігін шындау мақсатында ол үнемі шетел ғалымдарының жаңа еңбектерін саралап, Мәскеу және Санкт-Петербург консерваторияларының оқымыстыларымен үнемі байланыста зерттеу жұмыстарымен танысып отырады.

Т.Қ. Жұмалиева музыкатану ғылымында ағартушылық қызметтерімен де танылып, осы жұмысты өзінен кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауда. Оқу барысында ол өзінің студенттерін үнемі түрлі газет-журналдарда мақала жазып, жариялауға баулитын. Ұстаздан осындай кәсіби өнеге алған шәкірттері очерк жазу мен ғылыми жұмыстарды атқаруға машықтанып, кейін музыкалық редактор біліктілігіне ие болып жауапты қызметтер атқаруда.

Ұстаз-ғалымның тек кейінгі он жыл ішінде басылымнан шығарған еңбектері қатарында *«XX ғасырдың шетел музыкасы, I том» (2014)*, *«Қазақстандық музыкалық сын және музыкалық журналистика» (2017)*, *«Қазақстан композиторлары шығармашылығындағы симфониялық картиналар»*



(2019), *«Эрик Сати. Уақытын оздырған композитор» (Ұжымдық монография, 2020)*. Айта кету керек, осы төрт кітапты жазу барысында материалдарды іріктеп жазу үшін қасына шәкірттерін ертіп, оқулық шығарудың қыр-сырын үйретіп, қабілетіне қарай тапсырма беріп орындататын. Кейін оқулық шығуға дайын болғанда, ол студенттері мен магистранттарының еңбегін де бағалап, қасынан тастамайтын. Ол жастарды үнемі қолдап, болашағынан үміт күтетін. Оның шәкірттерінің ішінде өнертану кандидаты, доцент, профессор, PhD докторы атағына ие болғандары да баршылық. Атап айтқанда, өнертану кандидаттары Әсия Карамендина, Гүлмира Мұсағұлова, Ербол Үсенбаев, Гүлнар Садуахасова, Валерия Недлина, педагогика ғылымдарының кандидаттары Тоқжан Оспанова, Г.Дюсенбина, өнертану магистрлары Г.Д.Қалымова, композиторлар Данияр Біржапырақов, Нұрасыл Нуридин, жас талантты ғалымдар Т. Максимчев, Ярослава Кременцова т.б. Сондай-ақ республикалық грант жобаларының иегерлері, халықаралық конкурстар мен фестивальдардың лауреаттары, жоғары деңгейлі пікірталас алаңдарының спикерлері, колледж басшылары, құрылымдық бөлім жетекшілері мен қоғам қайраткерлері де бар.

Т.Қ. Жұмалиеваның соңғы жылдары жарық көрген кітаптарын сараласақ, әрқайсысының музыка өнеріндегі бағыты, жанры, тақырыптық мазмұны жағынан да өте қызықты. *«XX ғасырдың шетел музыкасы, I том»* – шетел музыкасы туралы қазақ тілінде жарық көрген еліміздегі алғашқы оқулық. Кітапта өткен ғасырда өмір сүрген Батыс Еуропа композиторлары француз Клод Дебюсси, Эрик Сати, неміс Рихард Штраус, австриялық Густав Малер, итальян Джакомо Пуччини, испан Мануэль де Фалья, американдық Джордж Гершвин, мажарстандық Бела Барток (Венгрия) туралы жазылып, негізгі туындылары сараланады. Атқарылған еңбек адамзат тарихындағы өте күрделі кезең – XX ғасырдың басында екі дүниежүзілік соғыстың зардабын шеккен

жалпыадамзаттық тағдыр, қайғылы қантөгіске толы оқиғалар, өмірлік ұстанымдарынан айырыла жаздаған қоғам жағдайында өмір сүрген композиторлардың шығармашылық тағдырын қамтиды. *«XX ғасырдың шетел музыкасы, I том»* оқулығын өзінің студенттік кезінен тәрбиеленген шәкірті, өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Г.Ж.Мұсағалиевамен бірлесе шығарды.

2017 жылы Т.К.Жұмалиева шәкірті, өнертану кандидаты, Д.Нұрпейісова атындағы Атырау музыка академиясының директоры Г.М. Садуахасовамен бірлесе *«Қазақстандық музыкалық сын және журналистика»* атты төрт бөлімнен тұратын оқу құралын жариялады. Аталған еңбек Қазақ ұлттық консерваториясының ашылғанына 75 жыл толуына арналып, қазақстандық қолданбалы музыкатану ғылымының даму бағыттарын айқындайды. Музыкатанушы-ғалым оқу құралында қоғамда қордаланған көптеген мәселелердің басын ашып, қазіргі кезде музыкалық сын және музыкалық журналистика салаларының қоғамға қажет екенін

дәлелдейді. Оқу құралының алғашқы бөлімі *«Музыкалық сын және музыкалық журналистиканың теориялық негіздері»* аталып, онда әлем әдебиеті мен музыка өнерінде қалыптасқан классикалық сын үлгісі көрсетіледі. *«Қазақстандағы музыкалық сын және музыкалық журналистиканың дамуы»* атты екінші бөлім XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басын қамтып, қазақ музыкасы жөнінде орыс және шетел ғалымдарының ой-пікірлері қарастырылады. Яғни, Қазақстанда музыкалық мәдениеттің дамуындағы негізгі бағыттарын айқындауда оның дүниеге келу себептері мен қалыптасу кезеңдерінің маңызы көрсетіледі. Үшінші *«Отандық музыкалық сын және журналистиканың даму тенденциялары, мәселелері және қол жеткен нәтижелері»* бөлімінде тақырыптардың жанрлық ерекшеліктері мен сыни талдау әдістері қарастырылады. Авторлар тарапынан музыкатануға тән жаңа және маңызды мәселелердің бірі – музыкалық мәдениет экологиясы және сынның экологиялық миссиясы көтеріледі. *«Қазіргі кезең медиакөңістігіндегі қазақстандық музыкалық сын және музыкалық журналистика»* бөлімінде жаңа технологиялар мен интернет БАҚ-тың жаңа кәсіби медиаресурстарының дамуына ықпалы мазмұндалады.

Өнертанушы ғалым Тамара Қажығалиқызының 2019 жылы *«Қазақстан композиторлар шығармашылығындағы симфониялық картина»* атты кітабы жарық көрді. Қазақстан композиторлары шығармашылығындағы симфониялық жанрдың қалыптасуы мен дамуына арналған еңбекте ғалым музыка өнеріндегі күрделі тақырыптардың теориялық негіздерін көтерген.

Т.К.Жұмалиеваның шәкірттері Т.Махаматдинова, Д.Коцупейлермен бірлесе орындаған *«Эрик Сати. Уақытын оздырған композитор»* атты монографиясында атақты француз композиторының шығармашылық мұрасы сипатталып, әлемдік музыкалық қазынаға қосқан үлесі бағаланады. Авторлар Эрик Сати туындыларындағы стильдік ерекшеліктерді айқындап, шығармашылық қырларын сипаттайды.

Қазақстандық музыкалық журналистиканы дамыту мақсатында ғалым осыдан 30 жыл бұрын консерваторияда *«Новая музыкальная газета»* атты басылым ашып, осы күнге дейін оның бас редакторы қызметін атқаруда. Т.К.Жұмалиеваның ғылыми еңбектері өнертану кандидаты Валерия Недлианың *«Проблема взаимодействия традиций в трудах Т.Джумалиевой»*, Ғалия Қалымованың *«Т.К.Жұмалиеваның музыкалық-сыншылдық қызметі»*, Мәдениет саласының үздігі Адалат Юсупованың *«У истоков музыкальной журналистики»* мақалаларында баяндалады.

Өзінің шексіз сүйген мамандығына бар ғұмырын арнаған ғалым бүгінгі таңда отандық және шетел басылымдарымен танысып, рецензиялық жұмыспен айналысып, қажет болған жағдайда өзінің пікірі мен ұсыныстарын айтып, бойындағы креативті идеяларын іс жүзіне асыруды жоспарлауда. Қысқасы, Қазақстандық музыкатану ғылымының дамуына елу жылдан астам адал қызмет етіп, көптеген еңбектерімен әлемдік музыка өнерінің дамуына шексіз үлес қосқан **Тамара Қажығалиқызы Жұмалиеваның өмірі** – келер ұрпақ үшін ұлы өнеге.

Дариға Орашқызы САЛЫҚОВА,

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Эстрадалық оркестр аспаптары кафедрасының оқытушысы

АҚИҚАТТЫҚ ПІКІРСАЙЫСШЫЛАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



Ақтөбе қаласында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік университетіне 90 жыл толуы мен «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағының 10 жылдығына орай «Әділетті қоғамның тірегі – адалдық» атты Zhubonov CUP VII республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Турнирге Қазақстанның барлық аймағынан 48 фракция, 96 спикер қатысты. Атап айтқанда Алматы, Астана, Түркістан, Қостанай, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Орал қаласынан келген пікірсайысшылар бақ сынаған болатын. М.Өтемісов атындағы БҚУ, «Ақиқат» ЖҚБ ПО атынан 7 фракция турнирде қатысушы болды. Соның ішінде филология факультетінің 3-курс студенттері Ширмедин Ақбота мен Талапова Дильназ топ жарып, жүлделі 3-орынды қанжығаға байлады. Турнирде дебат мәдениеті мен жауапкершілікке байланысты «Үздік делегация» номинациясын да Оралдық делегация еншіледі. Талапова Дильназ, Ғиниетолла Гүлмаржан, Ширмедин Ақбота турнирдегі үздік спикерді анықтау үшін оздырылатын форматта үздік 16 спикер ішінен төбе көрсетті. Турнирдегі 100-ге жуық спикер ішінде сөз сөйлеп, қатысушы атанып, жүлдеге ие болу үлкен жетістік. Ақиқаттық жас буын үшін бұл алғашқы республикалық турнир болса, аға буындары үшін жүлделі сайыс болды.

Махамбет университетінде филология факультетінің жигіттері 1-4 курстарға арнап еркін форматта «FF TIMES» шарасын өткізген болатын.

«FF TIMES»

Шара барысында студенттерімізге факультет деканы Акбулатов Айдарбек Ахметұлы мен деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Әли Ғаббасұлы жылы лебіз білдірді. Кеш қонағы болып филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аханова Альбина Сансызбаевна қатысты және студенттердің көкейіндегі сұрақтарға жауап беріп, өзінің студент шағынан қызықты оқиғаларымен бөлісті. Кейін жигіттер өз өнерлерін көрсетіп, стресс конференция атты қызықты сұрақ-жауап бағдарламасын қойып, белсенді студенттерге өздерінің номинацияларын табыстап, ән мен би арқылы көшімізді жалғастырып, керемет әсер қалдырды. Көңілді атмосфераға толтыратын ойын-сауық, квесттер, жарыстарға арналған көңіл көтеру күніндегі негізгі мақсат — студенттердің бір-бірімен тығыз араласуы, студенттердің таланты мен қабілеттерін жарқырата көрсетуге бағытталған.



Қайрат ЗИННАТОВ,
ҚТӨ-25 студенті

Ұстазға деген тағзым



«Ұстаз – ұлттың рухани шамшырағы» дейді дана халқымыз. Сол шамшырақтың нұрын шашып, саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнаған, адамгершілігі мен парасаты қатар өрілген ұлағатты ұстаз – **Түлегенова Сәуле Утешқызы**. Биыл қадірлі ұстазымыз өз өмірінің айтулы белесі – 60 жас мерейтойын қарсы алып отыр. Сәуле Утешқызы 1996–2000 жылдары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бізге кураторлық етіп, студенттік өмірдің қызығы мен қиындығын бірге бөлісті. Ол жылдар – әрқайсымыздың жадымызда шуақты естелік болып сақталған ерекше кезең. Ұстазымыз әр студенттің бойындағы қабілетін танып, сенім артып, дұрыс бағыт беріп отыратын. Оның жылы сөзі, сабырлы мінезі мен ұстаздық мейірімі талай жастың жүрегіне із қалдырды. Сәуле Утешқызы – білім саласында өзіндік қолтаңбасы бар тәжірибелі педагог. Ол әр сабағын өмірмен байланыстырып, шәкірттерін ізденіске, ой еркіндігіне баулыды. Ұстаздық жолдағы табандылығы мен шәкіртке деген

шынайы қамқорлығы – оның нағыз ұстаздық бейнесін айқындайды. Құрметті Сәуле Утешқызы! Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, мықты денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз! Өмір жолыңыз әрдайым нұр мен қуанышқа толы болып, шәкірттеріңіздің сүйіспеншілігі мен құрметіне бөлене беріңіз. Сіздің ұлағатты еңбегіңіз бен адамдық болмысыңыз біз үшін мәңгі үлгі.

В.С. ДЖУМАГАЛИЕВА,

Мектептегі көркем еңбек және дизайн мұғалімдерін даярлау, сән және дизайн мамандарын дайындау БББ оқытушы, магистрі. М.Өтемісов атындағы БҚУ түлегі (1996–2000 жж.)

Құттықтаймыз!

Құрметті Ахлима Габдилқызы!

Сізді 60 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз – білім мен ғылымға адал қызмет етіп келе жатқан, бірнеше буын шәкірт тәрбиелеген, кәсіби біліктілігі жоғары, ұлағатты ұстаз, білікті ғалымсыз. Ұзақ жылдар бойы жоғары білім беру жүйесінде еңбек етіп, студенттер мен магистранттарға терең білім мен тағылымды тәрбие беріп, олардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және кәсіби дамуына елеулі үлес қосып келесіз. Ұстаздық жолыңыздағы жоғары жауапкершілік, табандылық, іскерлік пен адамгершілік қасиеттеріңіз – әріптестер мен шәкірттеріңіз үшін үлгі-өнеге. Сіздің ұзақ жылғы жемісті еңбегіңіздің нәтижесі – еліміздің түрлі салаларында табысты еңбек етіп жүрген, сіздің тәлім-тәрбиеңізден өткен білімді де білікті мамандар. Сізге зор денсаулық, сарқылмас күш-қуат, шығармашылық табыс, ғылыми жетістіктер мен шәкірттеріңізбен бірге алар биік асулар тілейміз! Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолындағы еңбегіңіз әрдайым нәтижелі әрі қадірлі бола берсін! Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен:

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының ұжымы



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 714

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҒАЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айару БЕЙБІТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru